



БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

www.qazaq1913.com



QAZAQ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / № 25 (1285), 24.06.2025



+7 (701) 505 48 48



+7 (777) 797 77 88



qazaq1913gazeti@gmail.com



qazaq1913_



qazaq gazeti



qazaq1913

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен газеттің Орынборда 266 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 267–ші санынан қайта жаңғыртты

«ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАТУ КӨРШІСІ. ЖАҚЫН ДОСЫ ЖӘНЕ СЕНІМДІ СЕРІКТЕСІ. САН ҚЫРЛЫ ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ СІЗДІҢ ЖЕКЕ ҚОЛДАУЫҢЫЗБЕН МӨҢПІ ӘРІ ЖАН-ЖАҚТЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК РУХЫНДА ЖӘНЕ БҰРЫН-СОҢДЫ БОЛМАҒАН ҚАРҚЫНМЕН ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТЫР. МҰНЫ ЕРЕКШЕ ЫҚЫЛАСПЕН АТАП ӨТКІМ КЕЛЕДІ. ОРТАҚ ТАРИХЫМЫЗҒА МҰҚИЯТ ҮНІЛСЕК, ЕЛДЕРІМІЗДІҢ АРАСЫНДА ЕШҚАНДАЙ ТҮЙТКІЛДЕР НЕМЕСЕ ТОСҚАУЫЛДАР БОЛМАҒАН. ТЕК ҚАНА ӨЗАРА ДОСТЫҚ ПЕН ЫҚПАЛДАСТЫҚ, ТҮСІНІСТІК ПЕН ЖЫЛЫ ЛЕБІЗДЕР БАСЫМ БОЛДЫ. ҚЫТАЙ ХАЛҚЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ЕШҚАНДАЙ ЗИЯҢ КЕЛТІРГЕН ЖОҚ...»

/ 16 МАУСЫМДА ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АҚОРДА РЕЗИДЕНЦИЯСЫНДА СИ ЦЗИНЬПИНДІ ҚАРСЫ АЛҒАНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН /

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ
ЖАҢА БАСЫМДЫҚТАР

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ
КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІ

ЗАКОН И ПОРЯДОК

ЗАСЕДАНИЕ РАШИРЕННОЙ
КОЛЛЕГИИ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ
ОРГАНОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

■ Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қылмыс оған қолайлы жағдай жасаған жерде өршиді...»

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде қоғамдық тәртіптің мызғымас негізі – құқық қорғау органдарының жүйелі жұмысы мен кәсіби қызметі, бұл салада жүргізіліп жатқан реформа – ішкі тұрақтылық пен азаматтардың құқығын қорғаудың басты кепілі екенін айтты. Президент осы жұмыстың негізгі басымдықтарына тоқталды. Біріншіден, «Заң және тәртіп» қағидатын жаппай дәріптеу, екіншіден, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту, үшіншіден, қылмыстық-атқару жүйесін ізгілендіру, төртіншіден, кадрлық әлеуетін күшейту қажет екенін айтып, жауаптыларға нақты тапсырма берді. Ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін Мемлекет басшысының құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде көтерілген құқық қорғау жүйесіндегі жаңа басымдықтарға тоқталады.

Жанар
дәулетқызы

■ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС АЗ ЕМЕС

23 маусым – Полиция күні мен Мемлекеттік қызметшілер күні. Осыған орай Мемлекет басшысы еліміздің құқық қорғау саласы мен мемлекеттік аппарат қызметкерлеріне арнап құттықтау сөзін сөйлеп, олардың қоғамдағы маңызды рөліне тоқталды.

– Ең алдымен, еліміздегі полиция қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мейрамдарымен құттықтаймын. Мемлекетке қызмет ету – ең құрметті әрі аса жауапты міндет. Сіздер заң мен тәртіпті сақтауға және азаматтардың құқығын қорғауға зор үлес қосып жүрсіздер. Қазір дүние жүзі алмағайып, бұлыңғыр, яғни, өте күрделі кезеңді бастан өткеруде. Осындай құбылмалы уақытта қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, заңның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету – айырықша маңызды міндет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ФОТО: AKORDA.KZ

ЗАҢСЫЗДЫҚТАН ЗАРДАП ШЕККЕН ЗАҢГЕР

09

РЕФОРМАЛАРДЫҢ МӘНІ – 3:

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫ

ФОТО: AKORDA.KZ



■ Қазақтың мәдени және тарихи дәстүрінен бастау алатын Ұлттық құрылтайдың форматы дала демократиясы институтының мәнін жаңғыртып қана қоймай, халықтың тарихи жадына, ғасырлар бойы сақталған әдет-ғұрпына табан тірейді.

Біз бұған дейінгі мақаламызда XXI ғасыр адамзат үшін шын мәнінде енді ғана, яғни ширек ғасыр өткеннен кейін басталғанын айтқан едік. Оның басты белгісі өткен жүзжылдықтың екінші жартысында қалыптасқан іргелі геосаяси негіздер тепе-теңдігінің бұзылуы болды. Сол кезде біз Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы жаңа дәуірдің сын-қатеріне төтеп беру үшін жасаған жүйелі екі қадамын талдаған едік. Оның біріншісі – саяси реформалар арқылы мемлекеттің ішкі тұрақтылығын нығайту, екіншісі – экономикалық жүйені құбылмалы әлемге бейімдеуді көздейтін экономикалық реформалар. Ал, Жаңа Қазақстанның үшінші тағаны қандай болмақ?

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы.

■ ТАРИХТАН ТАРТЫЛҒАН КӨПІР

«Мен кіммін? Қайдан келдім?
Мені өгейсінбейтін ел бар ма?»
«Сұлтан Бейбарыс» фильмі (1989)

Әдетте, біз адамзат немесе ұлт тарихын өткеннің қойнауында қалған дүние секілді қабылдаймыз. Сондықтан оның қазіргі өмірімізге тікелей қатысы жоқтай көрінетіні бар. Әрине, тарихтың ықпалын ешкім жоққа шығара алмайды.

05-бетте

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТ БОЛМЫСЫ

11

ҚАЖЫМҰҚАН:

ДАҢҚ ПЕН ДАҚПЫРТ

Кейінгі кезде, әсіресе әлеуметтік желіде «Қазақтың ұлттық мақтанышы әйгілі палуан Қажымұқан өмірінің соңғы жылдарында тарығып күн кешіпті, отбасы ашқұрсақ күйге түсіпті, өкімет тарапынан жеткілікті қамқорлық болмапты, ақырында палуан аштықтан өліпті» деген қауесет өріп кетті. Бұл тұжырымды айтушылар Қажымұқанның соғыстан кейінгі уақытта Қазақстан басшыларына жазған хаттарын анық дәлел ретінде алға тартады. Бұлар қандай хаттар еді?!

Ақайдар ЫСЫМУҰЛЫ,
Қазақстанның мәдениет қайраткері.

■ МАЙЯ БЕКБАЕВАНЫҢ КӨЗДЕГЕНІ НЕ?

1945 жылғы 26 маусымда даңқты палуан, 1927 жылдан «Қазақ даласының батыры» деген ресми атағы ұмытылған Қажымұқан Мұңайтпасұлы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы Әбдісәмет Қазақбаевқа хат жазады.

08-бетте

ЕЛІМІЗДЕ МАУСЫМ АЙЫНДА ЗЕЙНЕТАҚЫНЫҢ ОРТАША МӨЛШЕРІ 143 502 ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ

Қазақстанда маусым айында зейнетақының орташа мөлшері 143 502 теңгеге жетті, деп хабарлайды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Осы жылдың басынан бері республикалық бюджеттен 1 трлн 745,9 млрд теңге зейнетақы төленген. Соның ішінде базалық зейнетақы – 564,7 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы – 1 трлн 181,2 млрд теңге.

«2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 143 502 теңгені құрады, оның ішінде ынтымақты зейнетақы – 95 814 теңге, базалық зейнетақы – 47 688 теңге», – делінген хабарламада.

Биыл 1 қаңтарда базалық зейнетақы төлемі инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес 6,5%-ға, ынтымақты зейнетақы 8,5%-ға, яғни инфляция деңгейінен 2%-ға асыра көтерілген болатын.

Министрлік Президенттің тапсырмасымен 2023 жылдан бастап бес жыл ішінде ең төмен базалық зейнетақы ең төмен күнкөріс деңгейінің 70 пайызына, ал ең жоғары – 120%-ға дейін жыл сайын кезең-кезеңімен артады деп болжам отыр.

ҚАЗАҚСТАНДА «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазақстанда «Заң мен тәртіп» жаңа цифрлық сервисі іске қосылды, – деп хабарлайды Polisia.kz. Ішкі істер министрлігі «Заң мен тәртіп» атты жаңа цифрлық сервисіті іске қосты – енді азаматтар құқық бұзушылықтар туралы полицияға тікелей Egov Mobile қосымшасы арқылы хабарлай алады.

Қосымшаның басты бетінде арнайы «Заң мен тәртіп» түймесі пайда болды. Сол арқылы хабарламаны жедел жолдауға болады. Өтініш беру қарапайым әрі түсінікті. Қоғамдық тәртіпті бұзу, тұрмыстық зорлық-зомбылық, жол-көлік оқиғасы немесе балаға төнген қауіп сияқты жағдайлар туралы дабыл бірден полицияға түседі және полиция қызметкерлері хабарлама түскен сәттен бастап әрекет етеді.

Осындай түймелер кейбір банк қосымшаларына да интеграцияланған, бұл сервисіті кең аудитория үшін қолжетімді етеді.

Жоба ІІМ жүргізіп жатқан ауқымды цифрландыру процесінің бір бөлігіне айналды. Мақсат – полиция мен азаматтар арасындағы өзара әрекеттестікті жеңілдету және жеделдету, жедел әрекет ету деңгейін арттыру және көмекті барынша қолжетімді ету.

Сервис тәулік бойы жұмыс істейді, өтініштер бүкіл ел аумағында қабылданады.

8 МЛН ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТЫ ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРУДАН БОСАТЫЛАДЫ

Жаңа Салық кодексі аясында 8 млн қазақстандық декларация тапсырудан босатылады. Бұл туралы Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов мәлімдеді.

23 маусымда Сенат депутаттары Салық кодексінің жаңа нұсқасына өзгеріс енгізіп, жаңа редакцияда Мәжіліске қайтарды. Төменгі палата депутаттары Сенаттың ұсыныстарымен келіссе, құжат бірден Президенттің қол қоюына жіберіледі. Кодекс аясында жеке тұлғаларды активтері мен міндеттемелері туралы декларация тапсырудан босату қарастырылған.

«Бүгін Сенат бұл норманы мақұлдады. Соның ішінде жай жалақы және әлеуметтік көмек алатын жеке тұлғалар бар. Ондай адамдардың жалпы саны – 8 млн. Бүгінде бізде процестердің басым бөлігі цифрландырылған. Оған қоса, тауарлардың 87 пайызы қолма-қол ақшасыз сатып алынады. Бізде барлық мәлімет бар. Сондықтан, жеке тұлғаларды декларация тапсырудан босатуға шешім қабылданды», – деді Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов журналистерге берген сұхбатында.

Жаңа Салық кодексінің нормалары 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізіледі.

ЕЛІМІЗДЕ 2028 ЖЫЛДАН БАСТАП ЖАҢА ЛОКОМОТИВТЕР ШЫҒАРЫЛАДЫ

Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шетелдік инвесторлар кеңесінің 37-пленарлық отырысында айтты, деп хабарлайды inbusiness.kz сайты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның шикізатты терең өңдеу және жаңа буындағы өнеркәсіпті өндіріс құру жолында батыл қадам жасағанына назар аударды. Мемлекет басшысы Қазақстан теміржол саласына арналған машина жасау бойынша «Wabtec», «Alstom» және «Stadler» компанияларымен табысты ынтымақтастық орнатқанын жеткізді.

Атап айтқанда, «Alstom» компаниясы елімізде сервистік орталықтар салып, 2028 жылдан бастап локомотивтердің жаңа буынын шығаруды жоспарлап отыр. «Wabtec» компаниясы балама отынмен жүретін жылжымалы құрамға 200 миллион доллар инвестиция құйды. Ал «Stadler Rail» кәсіпорны өндірістік қуаты жылына 100 вагон шығаратын зауыт салды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің жоғары әлеуетіне тоқталды. Еліміз егістікке және жайылымға жарамды жер көлемі жағынан әлемде алтыншы орынды иеленеді, сондай-ақ астық экспорты бойынша жетекші он мемлекеттің қатарына кіреді. Мемлекет басшысы «PepsiCo», «Fufeng Group» және «Dalian Hesheng» сияқты шетелдік инвесторлардың табысты қызметін мысалға келтіріп, олардың жергілікті өнімге тұрақты сұраныс қалыптастырып, озық технологияларды енгізіп жатқанын айтты.

ШІЛДЕДЕН БАСТАП «АСТАНА-БУРАБАЙ КУРОРТЫ» БАҒДАРЫНА ЖАҢА ЭЛЕКТР ПОЙЫЗЫ ШЫҒАДЫ

Шілде айының басында «Астана-Бурабай курорты» бағдарына жаңа электр пойызы шығады, деп хабарлады «Қазақстан темір жолы» АҚ баспасөз қызметі.

«Жылжымалы құрамды жаңарту бағдарламасы аясында «Жолаушылар тасымалы» АҚ бірінші, екінші және үшінші класты жаңа электр пойызын пайдалануға беруді жоспарлап отыр. Құрам Астана-Бурабай курорты бағдары бойынша жүретін болады», – деп жазылған хабарламада.

Пойыз алты вагоннан тұрады және 374 орынға арналған. Ол барлық қажет техникалық тексерулерден өтті. Қазіргі уақытта Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес құжаттаманы ресімдеу аяқталып жатыр.

«Пойыз дизайнында қолжетімділік пен инклюзивтік мәселелеріне ерекше назар аударылған. Әр класта биодаретханалар, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жолаушыларға арналған бейінделген кабиналар қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлы болу үшін платформалық көтергіштер қарастырылған. Егде жастағы жолаушылар мен балалы отбасылар үшін ыңғайлы жағдай жасалған. Пойыздағы әрбір орын мобайл құрылғыларды зарядтауға арналған USB қолданбасымен жабдықталған», – дейді ҚТЖ баспасөз қызметі.

Сонымен қатар, құрамда салқын сусындар мен жеңіл тағамдар қарастырылған.



ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

«Qazaq» газетінің 2025 жылғы 27 мамырдағы №21 (1 282) санында хабарлағанымыздай, редакция үш апталық еңбек демалысынан шықты, енді шілде айынан бастап күнтізбе бойынша жарық көретінін хабарлаймыз.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА БАСЫМДЫҚТАР



- Президенттің сөзінше, учаскелік полицияны жаңғыртумен қатар патрульдік бекеттер қызметінің жұмысын қайта қарау қажет.

Президент атап өткендей, құқық қорғау жүйесін жаңғыртуда жаңа буынның орны ерекше.

– Сол себепті, бүгін біз алғаш рет осындай құраммен жиналып отырмыз. Құқық қорғау жүйесіндегі барлық жауапты құрылымдар жұмыла жұмыс істеуі қажет. Елімізде «Заң мен тәртіптің» қатаң сақталуына қоғам өкілдерінің қосар үлесі де орасан зор. Қазір осы жиынға орталық және жергілікті атқарушы орган басшылары, депутаттар, сарпшылар және белсенді азаматтар қатысып отыр. Күштік құрылымдарды жаңғырту ісінде жаңа буынның атқаратын рөлі ерекше. Сол себепті, бүгінгі басқосуға академиялардың курсанттары да арнайы шақырылды. Трансұлттық қылмыстық топтармен күресу үшін халықаралық ынтымақтастықты дамыту өте маңызды. Осы жерде бүгін шетелдік полиция аттаселері отыр. Құқық қорғау органдарымен жүргізіп жатқан халықаралық ынтымақтастық жұмысы үшін Сіздерге ерекше ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысы соңғы жылдары елімізде барлық салада ауқымды реформалар жасалып жатқанын, азаматтық жауапкершілік идеологиясы берік орныға бастағанын айтты.

– 2019 жылдан бері қылмыстық құқықбұзушылық саны шамамен екі есе азайды. Соның ішінде қарақшылық, тонау, ұрлық пен бұзақылық деңгейі 4 есе төмендеді, ал кісі өлтіруге қатысты қылмыстар 30 пайызға кеміді. Қоғамдық орындардағы қылмыс саны 80 пайызға азайды. Бұл – азаматтарымыз көшеде ештеңеден қауіптенбей, алаңсыз жүре алады деген сөз. Келесі маңызды міндеттің бірі – отбасылық зорлық-зомбылықпен күрес және әйелдер мен балаларды қорғау. Осы бағытта заңнамалық, институционалдық тұрғыдан батыл қадамдар жасалуда. Отбасылық зорлық-зомбылық жасағаны үшін берілетін жаза едәуір күшейтілді. Бір жыл бұрын тиісті заң қабылданды. Заңға енгізілген түзетулер мен басқа да шаралар нақты нәтиже бере бастады. Орташа және ауыр деңгейдегі отбасылық-тұрмыстық қылмыс саны жыл басынан бері 30 пайызға төмендеді. Жалпы, соңғы 5 жылда әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтар екі есе азайды. Ең бастысы, қазір қоғамдық сана түбегейлі өзгеріп жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, құқық қорғау органдары түбегейлі өзгерістерге дайын болуға тиіс. Түйткілдің бәрін жан-жақты ойластырып, жоспарлы түрде шешу қажет. Құзырлы органдардың негізгі мақсаты – нақты нәтижеге қол жеткізу.

■ САЛАДАҒЫ СОНЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Президент атап өткендей, қоғамның құқықтық мәдениетін арттырып, құқық қорғау жүйесін жетілдіру қажет.

– Біріншіден. Біз «Заң және тәртіп» қағидатын жаппай дәріптеуіміз керек. Қазақ халқы қай заманда да заңға бас иген, дала заңын сақтаған халық. Бұл – біздің қанымызға сіңген қасиет. Түрік қағанаты, Алтын Орда мен Қазақ хандығы мықты мемлекеттік құрылым, бірегей құқықтық жүйесі бар қуатты ел болғаны бәрімізге аян. Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын, Әз Тәукенің Жеті жарғысын Ұлы даланың конституциясы деуге болады. Атадан балаға жалғасқан бұл заңдар мемлекеттілік дәстүрін нығайта отырып, қоғамдық дамуға ерекше ықпал еткен. Ұлы далада еркіндік пен әділдік, ар-намыс пен адамгершілік, тіпелеулістік пен жауапкершілік бәрінен биік тұрған. Сондықтан, «Заң және тәртіп» қағидаты ұлтымыздың рухы мен дүниетанымына толық сай келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент «Заң және тәртіп» қағидаты жауапкершілікті сезіну мәдениетімен тығыз байланысты екенін айтты, сондықтан «Заң және тәртіп» апталығын жариялады. Дегенмен, бұл бір реттік акция емес.

– Екінші. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту қажет. Қылмыс

оған қолайлы жағдай жасаған жерде өршиді. Қылмыстың және заңға қайшы әрекеттердің салдарымен ғана күресуге болмайды. Қылмысқа түрткі болатын себептерді алдын ала анықтап, жойып отыру қажет. Менің тапсырмаммен «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» Заң жобасы әзірленіп, Мәжілістің қарауына берілді. Жаңа заң аталған саладағы мемлекеттік саясатты біріздендіріп, профилактикалық шаралармен қамтылатын тұлғалардың санын кеңейтеді. Мұндай заң сөзсіз керек. Сондықтан, меілінше тез қабылдау қажет. Парламент депутаттарынан заң жобасын жылдың соңына дейін қарап, қабылдауды сұраймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының сөзінше, құқық қорғау органдарының тиімділігін бағалау жүйесіне де өзгеріс қажет. Онда құқық бұзушылықты ескерту бағытындағы жұмыс нәтижесі есепке алынуға тиіс.

– Қылмысқа көбінесе тұрмысы нашар отбасыдан шыққан адамдар барады. Алдын алу шараларын жүзеге асырғанда дәл осы санатқа айырықша назар аударған жөн. Бұл ретте әлеуметтік қорғау органдары мен жергілікті билік маңызды рөл атқарады. Көптеген құқық бұзушылық ұқсас жағдайда, бірдей факторлардың әсерінен орын алады. Тиісті деңгейде талдау жасалса, оны дер кезінде ауыздықтауға болады. Басқаша айтқанда, қылмыс қауіпін болжау және оған қарсы іс-қимыл жүйесін қайта қарау керек. Ол үшін Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің әлеуетін толық пайдаланған жөн. Аталған ведомство жай ғана есеп сақтайтын орын емес, қоғамдық қауіпсіздік саласындағы қауіп-қатерді анықтайтын және ескертумен айналысатын орталық болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

■ ІЗГІЛІКТІҢ БАСТАУЫ – ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ

– Биыл Конституцияның қабылданғанына 30 жыл толады. Осыған орай, құқық қорғау құрылымдары, депутаттар мен құқық қорғаушылар сотталған азаматтарға рақымшылық жасау туралы бастама көтерді. Парламент тиісті заңды қарады, мен бұл заңға қол қойдым. Осы ізі шараның арқасында жазасын өтеп жатқан 15 мыңнан астам адамға амнистия жарияланды. Соның екі мыңнан астамы бостандыққа шығады. Қалғандарының жаза мерзімі қысқарды. Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағандар ғана рақымшылыққа ілінеді. Ең алдымен, әлеуметтік жағынан осал топқа жататын адамдарға, яғни, баласы бар әйелдерге, егде адамдарға, кәмелет жасына толмағандарға және осы санаттағы басқа да азаматтарға кешірім беріледі. Мұны жазасыз басқан жандарға жасалған нақты көмек, олардың қоғамға қайта оралуына жағдай жасау деп түсіну қажет, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысының айтуынша, мемлекет шалыс қадам басқан азаматтан теріс айналмайды, тек оның тура, дұрыс жолға түсуіне жәрдем береді. Өйткені, әділетті елдің соты – әділ, ниеті түзу болуға тиіс. Бірақ, рақымшылық жасау дегеніміз, бұл – барлық мәселенің шешімі емес, бір реттік қана шара екенін түсінген жөн.

– Сондықтан, осы бағытта нақты нәтиже болу үшін қылмыстық атқару жүйесін барынша жетілдіру қажет. Негізгі мақсат – сотталған адамды қоғамнан алшақтату емес. Тиісті тәрбие жұмысын жүргізу өте маңызды.

Олардың бойына заң мен тәртіп құндылығын сіңіретін және қалыпты өмірге оралуына ықпал ететін озық тәсілдерді енгізу керек. Мәселен, кейбір елде жазасын өтеушілер «қамау мерзімін қысқартуға» мүмкіндік беретін шараларды қолдана алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, жазасын өтеп жүргендерді қалыпты өмірге дайындаудың тағы бір тиімді жолы – еңбекпен, яғни, жұмыспен қамту. Бұл бағытта біраз түйткілдер бар, нақты шаралар қолдану керек.

– Осы орайда біздің кәсіпкерлеріміз жазасын өтеу мекемелерінің жанынан түрлі кәсіпорын ашу мүмкіндігін қарастыруы керек деп ойлаймын. Мұндай серіктестік шетелде кең тараған. Бұл шараның екі жаққа да тигізер пайдасы мол. Жазасын өтеп жүргендердің тапқан табысы бостандыққа шыққан соң олардың қалыпты өмірге оралуына көмектеседі. Ал, өндірісте меңгерген дағдысы жақсы жұмыс табуына жол ашады, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысының сөзінше, біз кез келген мәселенің салдарымен емес, себебімен күресуіміз керек.

– Қылмыстық-атқару жүйесінің басты мақсаты тек жазалау деген түсініктен арылу қажет. Қателік жасап, қамауға түскен адамды жаншып, басып тастауға тырысу – дұрыс емес, біз ондай адамның тура жолға түсіп, түзеліп кетуіне қол ұшын беруіміз керек. Бәріміз бір ел болып өркениетті, озық және әділетті қоғам құрып жатырмыз. Заң да, сот та – әділ болуға міндетті. Бұл – мызғымас қағида, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

■ ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫН ҚОРҒАЙТЫН КЕШЕНДІ ШАРА

Президенттің төртінші бағыты – құқық қорғау органдарының жұмысына сервистік модель қағидаттарын кеңінен енгізіп, кадрлық әлеуетін күшейту.

– Полиция мен басқа да құрылымдар билік және қоғам арасын байланыстыратын алтын көпір болуға тиіс. Ол үшін «Мемлекет пен азамат – біртұтас» деген іргелі қағидатымызға толық сай келетін халықпен қарым-қатынастың жаңа мәдениетін қалыптастыру керек. Бұл бағытта ілгерілеу бар. Бірақ, қабылданған шаралар әлі тиімділігін көрсетпеді, өйткені бірізділік жоқ. Халықпен тікелей жұмыс істеуге кедергі келтіретін басы артық бюрократиядан арылу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент азаттық жылдарында 842 азамат қызметтік міндетін орындау кезінде қазаға ұшырағанын, 4,5 мың адам жарақат алғанын да айтты.

– Бүгін біз қаза болған ерлеріміздің жақындарына марапат тапсырамыз. Ер-жұмысқа қатысатындардың ерлігі халыққа жан-қиярлықпен қызмет етудің үлгісі ретінде жұртымыздың жадында сақталуға тиіс. Осы орайда, мен мекемелік наградаларға қызмет бабында қаза болған қаһармандардың есімін беру мәселесін қарастыруды ұсынамын, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Сөз соңында Мемлекет басшысы Қазақстан қауіпсіз, заң мен тәртіпке бағынатын ел болуы керек екенін айтты.

– Менің тапсырмам бойынша Президент Әкімшілігі мен Қауіпсіздік Кеңесі бір аптаның ішінде Құқық қорғау органдарының жұмысы туралы арнайы талдау дайындауы керек. Барлық түйткілдерді ашық түрде көрсетеді, мәселелерді шешу жолдарын ұсынады. Бұл – өте маңызды жұмыс, оны жалғастыру қажет, – деп сөзін түйіндеді Президент.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Полиция күніне арналған концертті тамашалады. Концертте отандық өнер шеберлерінің шығармалары ұсынылды. Кәсіби міндетін орындау кезінде қаза болған құқық қорғау органдарының қызметкерлерін еске алған реквием көпшіліктің көңілін қозғады. «Жас сақшы» полиция сыныбы оқушыларының орындауындағы ән де ерекше жылы әсер қалдырды.

Елімізде жазғы уақытта балалар демалысын ұйымдастыру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу бойынша жұмыс тобы балалар лагері жұмысшыларының типтік штатына өзгертулер әзірледі. Оған сәйкес, күндізгі тәрбиешілердің жұмыс жүктемесі азайтылмақ, атап айтқанда, бір тәрбиеші енді бұрынғыдай 35 емес, 20-25 баламен жұмыс істейді. Бұл туралы Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаевтың Сенат депутатына берген жауабында айтылған.

100 БАЛАҒА — 2 ТӘРБИЕШІ: БАЛАЛАР ЛАГЕРІНЕ ТҮНГІ ТӘРБИЕШІЛЕР ҚЫЗМЕТІ ЕНГІЗІЛЕДІ



ФОТО: AKORDA.KZ

ФОТО: SPUTNIK.KZ

Сондай-ақ, балалар лагерінде енді түнгі тәрбиешілердің болуы да міндеттеледі. Түнгі уақытта 100 балаға 2 түнгі тәрбиеші жауапты болады. Оған қоса, әр 50 бала үшін бір педагог-ұйымдастырушы лауазымы енгізіледі. «Аталған қызмет түрлерін ғылым мәселелері туралы заң жобасы қабылданғаннан кейін енгізу жоспарланған. Бұл заң жобасында білім беру-сауықтыру ұйымдарындағы жұмысшылардың типтік штатын бекіту мәселесі қарастырылған. Заң жобасын қазір Парламент Мәжілісі қарап жатыр», – делінген Ермек Көшербаевтың жауабында.

Алматы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов Сайран көлін қайта жаңғырту жұмыстарының сапасы мен белгіленген мерзімде орындалуын қадағалау мақсатында нысан басында көшпелі кеңес өткізді, деп хабарлайды қала әкімінің баспасөз қызметі.

ЖАҢҒЫРТЫЛҒАН САЙРАН КӨЛІ:

САЙРАН КӨЛІНІҢ КӨРІКТІ ОРТАСЫ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК



ФОТО: GOV.KZ

Жиынға мердігер мекеменің, аудан әкімдіктерінің, коммуналдық қызметтердің, полицияның, ТЖД және өзге де тиісті ұйымдардың өкілдері қатысты. Олжас Смағұлов көгалдандыру, көркейту, инженерлік және санитарлық инфрақұрылым бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйімен танысты. Тексеру барысында оң өзгерістермен қатар, шешуін күткен түйткілді мәселелер де анықталды. «Алдағы күндері суару жүйесін орнату жұмыстары аяқталып, мердігер мекеме ауқымды көгал егу, көпжылдық бұталар мен сәндік гүлдер отырғызу жұмыстарына кіріседі. Сонымен қатар, көркейту аясында бірқатар маңызды іс-шара жүзеге асырылмақ. Атап айтқанда, алдағы уақытта кіреберіс алаңдарға төрт пандус пен жедел саты орнатылады, кеспе тас төсеу жұмыстары аяқталып, көлбеу жерлерді бекіту, жаңбыр суын ағызу жүйесін құру, ағаштарға жарық шамдарын орнату және көше шамдарын орнату жұмыстары жалғасады. Бұған қоса, қосымша 130 қоқыс жәшігі қойылып, тазалыққа жауапты қызметкерлердің саны артады. Санитарлық тәртіпті бұзғандарға айыппұл салынады. Көл аумағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 210 бейнебақылау камерасын орнатылады (қазір 47 камера жұмыс істеп тұр). Бұл камералар ТЖД жүйелерімен біріктіріліп, су айдынында болуы мүмкін оқыс оқиғаларды дер кезінде тіркеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, скейт-парк аумағында анықталған ақауларды дереу жою туралы мердігер мекемеге тапсырма берілді», – делінген хабарламада. Инженерлік мәселелерге де ерекше мән берілді. Атап айтқанда, сумен жабдықтау және көріз жүйесіне қосылмаған учаскелерді қалпына келтіріп, санитарлық-гигиеналық тораптарды (СГТ) іске қосу міндеті жүктелді. Қазіргі таңда бес СГТ бар, олардың барлығы санитарлық талапқа сай жұмыс істеуге тиіс. Сонымен қатар, халық көп жиналатын аймақтарда қосымша санитарлық тораптар орнату мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Жиын барысында ит серуендетуге арналған арнайы алаңдар салу, санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен қатар түнгі уақытта полиция патрулін күшейту мәселесі де талқыланды. Бейберекет саудаға тосқауыл қою, қалдықты дер кезінде жинау және шығару бағытында бақылау шаралары қабылданады. Алматы әкімінің орынбасары Олжас Смағұловтың айтуынша, Сайран көлін қайта жаңғырту жұмыстары заманауи жайылық, қауіпсіздік және тұрақтылық стандарттарына сай жүргізілуге тиіс. Шаһар тұрғындары үшін қолайлы, көркем әрі функционалды демалыс орнына айналуы керек. Жауапты мекемелер жүктелген міндеттерді сапалы әрі уақытылы орындап, өзара іс-қимылды үйлестіруі қажет.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

«БИЛІК ТЕ, БАСПАСӨЗ ДЕ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ»



■ Қасым-Жомарт Тоқаев: «Міржақып Дулатов «Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті» деген. Шын мәнінде, сөз – аса қуатты қару...»

Жанар дәулетқызы

– Сіздер мемлекет саясатын елге түсіндіріп, қоғам мен биліктің арасында көпір болып келесіздер. Елімізде жасалып жатқан реформалардың мән-мағынасын жұртшылыққа жеткізіп жүрсіздер. Бұл – өте маңызды, күрделі, ерекше жұмыс. Әрбір адамның қолынан келмейді. Мен бүгін бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін. Өздеріңіз білесіздер, соңғы жылдары мемлекетімізде ауқымды өзгерістер жасалуда, маңызды бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Осыдан 3 жыл бұрын жалпыұлттық референдум арқылы Конституциямызды жаңғырттық. Мемлекеттің бүкіл саяси жүйесін өзгертетін тарихи қадамдар жасадық. Елімізде «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Өкілді биліктің құзыреті күшейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі артты. Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылды. Ауыл және аудан әкімдері тікелей сайлана бастады. Билікке саясаткерлердің жаңа буыны келіп жатыр. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдау ісіне белсене араласатын болды. Қоғамда пікір алуандығы орнықты, яғни, өз ойын заңға сәйкес айта алатын, көкірегі ояу, өркениетті қоғам орнығуда. Халқымыздың мүлде жаңа саяси болмысы қалыптасты. Заң мен тәртіп тұжырымдамасы қоғамымыздың сана-сезімінің ажырамас бөлігіне айналып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізілген реформалар экономика саласында да өз жемісін беріп жатқанын атап өтті. – Былтырғы осы уақытпен салыстырғанда, өткен 5 айда ұлттық экономикамыз 6 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібінің өсімі де 6 пайызға жуықтады. Жалпы соңғы бес жылда еліміздің ішкі жалпы өнімі 182-ден 286 миллиард долларға жетті. Біз бұған экономиканы әртараптандыру арқылы қол жеткізіп келеміз. Бүгінде түрлі салада осындай оң өзгерістер болып жатыр. Ең бастысы, ұлттың болмысы өзгеріе бастады. Елде жаңа азаматтық, саяси мәдениет қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Жас ұрпақ «Адал азаматқа» тән қасиеттерді бойына сіңіріп өсіп жатыр. Заң үстемдік құруы үшін

нақты шаралар қолға алынып жатыр. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы нағыз халықтық жобаға айналды. Азаматтарымыз табиғаты таза елдің ниеті де таза деген ұстанымды жан-жақты насихаттап, ортақ іске белсене атсалысуда. Осылайша, Қазақстан жаңа тұрпатты елге айнала бастады. Өйткені, таза болу, бұл – ниеті де, ісі де таза болу деген сөз. Біз озық ойлы ұлт болуымыз қажет. Көш бастайтын елдердің қатарына қосылуымыз керек. Бір ел болып, жұдырықтай жұмылсақ, бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Осы ортақ жұмысқа журналистер қауымы да зор үлес қосып жүр. Сіздерді реформаның қозғаушы күші деп айтуға болады. Түптеп келгенде, билік те, баспасөз де ел игілігіне қызмет етеді. Еліміздің мақсаты – биік, бағдары – айқын. Бұл – Әділетті, Қауіпсіз, Өркениетті және Таза Қазақстанды құру, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазір арқаны кеңге салатын уақыт емес екенін айта келе, әлемдегі геосаяси, геэкономикалық ахуал шиеленісе түскеніне тоқталды.

– Жаһандық қауіпсіздік жүйесі түбегейлі өзгеріп жатыр. Алпауыт елдердің текетіресі ушығып, кейбір аймақта қарулы қақтығыстар өршіп барады. Әлемдік аренада күрделі, бізге беймәлім, терең түсінуді қажет ететін үдерістер орын алуда. Негізінде, халықаралық құқыққа қатысты ұғымдар араласып кетті. Күштінің құқы дәріптеле бастады. Ғаламдық цифрлық трансформация бүкіл адамзатқа бұрын-соңды болмаған қиындықтар әкеледі. Әлем жаңа дәуірге қадам басты. Мұнда жасанды интеллект технологиялары мемлекеттің табысты дамуының басты факторына айналады. Алдағы іргелі өзгерістердің ауқымын білген жөн. Өркениет көшінен қалмау үшін инновацияны барлық салаға қарқынды түрде енгізу

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Мемлекет басшысы жыл сайынғы дәстүрге сай журналистерге Президент сыйлығы мен гранттарын тапсырып, алғысын жариялады. Сонымен қатар, медиа саласының өкілдерін мемлекеттік наградами марапаттады. Іс-шарада журналистика саласының ардагері Шархан Қазығұл, «Казак-станская правда» газетінің бөлім меңгерушісі Юлия Магер және «Хабар» телеарнасының жүргізушісі Гүлнәзия Зарипова сөз сөйледі.

Президент журналистер қауымын алдағы Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күнімен құттықтап, ұлттық медиа – халықтың үні, ал журналист жасампаздық жаршысы екенін атап өтті.

қажет. Мемлекет басшысы ретінде осы іске баса мән беремін. Жасанды интеллекттің кеңінен таралуы кез келген мамандыққа, соның ішінде сіздердің кәсіптеріңізге де мүлдем жаңа талаптар қояды. Көптеген сарапшылар келешекте адам еңбегін алгоритмдер алмастыратынын айтып жүр. Алайда, бұл өзгерістер журналистиканың жаңа мүмкіндіктерін, шын мәнінде екінші тынысын ашуы әбден мүмкін. Қазірдің өзінде жаңа нейрожелілер сұранысқа ие бірегей контент өндіру үшін қажет ақпаратты іздеп, талдай алатын пайдалы құралға айналды. Отандық журналистер әрдайым шығармашыл, жаңашыл әрі дамуға құштар. Сіздердің жаңа технология мүмкіндіктерін толығымен пайдаланатындарыңызға сенімдімін. Бүгінде елімізде медиасаланың, соның ішінде блогосфераның қанат жаюына барлық жағдай жасалған. Оқиға ортасынан шынайы ақпарат таратуда өздеріңізге мол жауапкершілік жүктелген. Мұны сезіне білу өте маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, алмағайып, бұлыңғыр заманда, ең алдымен, ел бірлігін сақтап, басты байлығымыз – тұрақтылық пен тыныштықты бағалау қажет.

– Осы орайда, журналистерге айрықша сенім мен зор жауапкершілік жүктеледі. Міржақып Дулатов «Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті» деген. Шын мәнінде, сөз – аса қуатты қару. Бір ауыз сөз араз елді тату қылады, тату елді араз етеді. Сондықтан, сөз құдіретін терең түсініп, оның салмағын сезіне білу қажет. Қазіргі ақпарат тасқынында сенімді дерек, дәйекті талдау ұсынудың мән-мағынасы арта түсті. Журналистің ағартушылық миссиясы алдыңғы қатарға шықты. Кез келген ақпаратты мұқият елеп-екшеп, жұртқа дұрыс жол көрсету өте маңызды. Бұл ретте, сіздерді ақпарат әлемінің темірқазығы деуге болады. Мен журналистеріміздің әр мәліметті ұлт мүддесі тұрғысынан саралай аларына сенемін. Өйткені, өзім көп оқимын, сіздер жазған мақалалармен, ой-пікірлермен таныспын. Қазір журналистеріміз түрлі салада жұмыс істеп жүр. Қаламгер әрі қайраткер азаматтарымыз аз емес. Ақпарат саласының өкілдері Парламент пен мәслихаттарда табысты еңбек етуде. Сондай-ақ, жергілікті және орталық атқару органдарында қызмет етіп жүрген азаматтар бар. Бұл журналистің бесасап мамандық иесі екенін анық көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі жиынға ақпарат саласының ардагерлері арнайы шақырылғанына назар аударды.

– Сауық Жақанова, Жарықпап Бейсенбайұлы, Шархан Қазығұл сияқты журналистика майданмандары ортамызда отыр. Сіздер ұлттық ақпарат саласын дамытуға зор үлес қостыңыздар. Тілшілердің тұтас буыны өздеріңізге қарап өсті. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін. Қай салада болсын, адал еңбек лайықты бағалануға тиіс. Бұл – біріміз бірге құрып жатқан әділетті қоғамның мызғымас ұстанымы, – деді Президент.

МАҚАЛАНЫҢ ТОЛЫҚ НУСҚАСЫН ГАЗЕТТІҢ САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗ



112 БАҒЫТ БОЙЫНША ЖҮРЕТІН БАРЛЫҚ ПОЙЫЗ БЕЙНЕКАМЕРАМЕН ЖАБДЫҚТАЛАДЫ

2025 жылдың соңына дейін 112 бағыт бойынша жүретін барлық пойыз бейнекамерамен жабдықталады, деп хабарлайды «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ баспасөз қызметі.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарда жолдағы қауіпсіздікті, жайылықты және жедел ден қоюды арттыруға бағытталған заманауи бейнебақылау және бейнесараптау жүйелерін енгізеді. Пойыздарда 4 000 камера орнатылған», – деп жазылған хабарламада.

Компанияның мәліметінше, бейне жүйелер ықтимал қауіптерді уақытылы анықтауға, құқық бұзушылықтарды тіркеуге және

қалдырылған заттарға қатысты әрекет етуге мүмкіндік береді.

Орнатылған камералардың арқасында пойыздардағы құқық бұзушылықтар 2024 жылмен салыстырғанда 21 пайызға төмендеп, шағымдар 32 пайызға азайды және ұмытылған заттардың 91 пайызы иелеріне қайтарылды.

Айта кетейік, барлық жаңа жолаушылар вагоны интеграцияланған бейнебақылау жүйесімен жеткізіліп жатыр.



14 маусымда студенттер қалашығының кітапханасында «Орталық Азия – Қытай» II саммиті аясында екінші халықаралық академиктер форумы өтті. Жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясы мен Қытайдың Сиань Цзяотун университеті бірлесіп ұйымдастырды. Шараның алға қойған мақсаты – жаһандық жылырудың себептерімен күресу, демографиялық өсім мен кедейлік сынды үдерістерге ғылыми тұжырым жасап, жасыл энергетика саласындағы ынтымақтастықты дамыту.

АЛМАТЫ ХАРТИЯСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

ҚАЗҰУ-ДА «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ» ФОРУМЫ ӨТТІ



Фараби
СӘЙКЕНОВ

Форумның шымылдығын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашты. Ол өз баяндамасында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыртуымен 16 маусымда ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің елордаға іссапармен келетінін құлағдар етті. Ал, 17 маусымда «Орталық Азия – Қытай» саммитінде өңір басшылары бас қосатынын атап өтті. Сондай-ақ, ҚазҰУ сейсенбіде өтетін Астанадағы кездесуде үш маңызды келісімге қол қояуды жоспарлауда. Атап айтқанда: TusHoldings корпорациясымен бірлескен стартап-инкубатор ашу; «Huibo» заманауи цифрлық интеллектуалдық шеберханасын іске қосу және жердегі спутник бекетін құру жайлы мәмілені бекіту.



Бірінші сессияда спикерлер өзара ынтымақтастықтың маңыздылығына, жасыл энергетиканың өзектілігіне баса назар аударды. Мәселен, ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев өз сөзінде Сиань декларациясының ғылыми ықпалдастық үшін маңызын атап өтіп, «Орталық Азия биоалуантүрлілігі жөніндегі кеңес» құруды ұсынды. ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хатын оқыған вице-министр Динара Щеглова да «Бір белдеу – бір жол» аясындағы «Жасыл Жібек жолы» тұжырымдамасының болашағына үңілді. Сонымен қатар, Сиань университетінің вице-президенті Би Чжаохун, Қырғызстан ұлттық ғылым академиясының президенті Қанатбек Абдрахматов, Тәжікстан ғылым академиясының вице-президенті Саидмұхамед Ибадов мінберге шығып, құттықтау сөздерін арнады. Бірінші отырыстың соңында ҚР ҰҒА, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Сиань Цзяотун университетінің, Қырғызстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының, Қырғызстан халықаралық университетінің және Самарқанд мемлекеттік университетінің өкілдері жасыл энергетика саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Алматы хартиясына қол қойды.

Екінші сессияда ғалымдар жасыл энергетикаға көшу үдерісін тездетуге қатысты бойынша тұжырымдарын ұсынып, құнды ойларымен бөлісті. Қытай ғылым академиясының академигі Тао Вэнцзоань «Энергетикалық революция және сутегі – болашақтың жасыл энергиясы» тақырыбында баяндама жасады. Ғалым энергияның тарихи даму кезеңдеріне тоқталып: «Жаңа энергетикалық дәуірдің басты үміткері – сутегі. Ол – табиғатта ең көп таралған элемент, энергия тығыздығы жоғары, ал жану өнімі – тек су. Сондықтан, біз сутегіні энергетикадағы үшінші төңкерістің символы ретінде қарастырамыз. Бұған дейін «ағаш – көмір – мұнай» тізбегі болса, ендігі бағыт – сутекке негізделген энергетикалық архитектура. Сутегі – таза, қуатты және кең ауқымды қолданысқа ие энергия көзі. Оның жылу энергиясы көмірден 4 есе, жанармайдан 3 есе, табиғи газдан 2,6 есе артық. Сутегі көлік, өнеркәсіп, жылыту жүйелері мен химиялық өндіріс үшін де қолайлы», – деп түсіндірді. Одан әрі: «Қытай соңғы жылдары жасыл энергетиканы дамытуда айқын бетбұрыс жасап келеді. Біз 2030 жылға дейін жасыл сутегі шығарындыларын шарықтау шегіне жеткізіп, 2060 жылға қарай климаттық қауіпсіздікке жетуді көздеп отырмыз. Бұл жайында ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің арнайы өкілі, Мемлекеттік кеңес премьерінің орынбасары Дин Сюэцянь 2023 жылдың 30 қарашасы мен 1 желтоқсаны аралығында өткен БҰҰ климаттық саммитінде (COP28) атап өткен болатын. Жасыл энергетиканы дамыту тек ұлттық мүддеміз ғана емес, ғаламшар алдындағы климаттық жауапкершілік. Осы себепті сутегі энергетикасына инвестиция мен ғылыми-зерттеуді кеңейту – стратегиялық міндетіміз», – деп түйіндеді.

Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Ғылым академиясының толық мүшесі Қадыр Гуламов «Орталық Азияда жасыл экономикаға көшуге арналған бірлескен зертхана құру туралы» тақырыбында келелі ойларын айтты. Академик бауырлас елдердің климаттық сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын еске салды. Кіндік Азия мемлекеттері жасыл экономикаға көшу үшін ортақ ғылыми тұжырымдар мен шешімдерге мұқтаж екенін алға тартты.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

«Орталық Азия – Қытай» II халықаралық академиктер форумы табысты өтті. Алматы хартиясының қабылдануы – жасыл энергетиканы дамытудың алғышарты. Біріншіден, Орталық Азия елдері мен аспан асты елі арасындағы ғылыми және технологиялық серіктестікті жүйелі дамытуға жол ашылды. Екіншіден, жасыл экономика, климаттық қауіпсіздік пен баламалы энергия көздерін дамытуда бірлескен зерттеулер жүргізіп, технология алмасуға мүмкіндік туды. Үшіншіден, көршілес мемлекеттер экологиялық проблемаларын бірігіп шеше алатын деңгейге жетеді.

2025 жылдың 19 маусымында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы (бұдан әрі – Академия) Мемлекет басшысының 2060 жылға дейін Қазақстан Республикасының климаттық орнықтылығын қамтамасыз ету және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі тапсырмаларына сәйкес Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының базасында алғаш рет «Тұрақты ауыл шаруашылығы: органикалық және көміртекті егіншілікті дамыту» тақырыбында Егінжай күнін өткізді.

Іс-шараның мақсаты:

- Қазақстанда көміртекті егіншілікті дамыту;
- көміртекті секвестрлеу және топырақ құнарлылығын қалпына келтіру жөніндегі инновациялық шешімдерді көрсету;
- органикалық секторды қолдаудың институционалдық тетіктерін талқылау.

Қазақстандағы органикалық және көміртекті егіншіліктің даму перспективалары:

- Климаттың жаһандық өзгерісі мен парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі халықаралық міндеттемелер аясында көміртекті егіншілік аграрлық секторды дамытудың стратегиялық бағытына айналуға. Қазақстан кең ауқымды ауыл шаруашылығы алқаптары бар және топырақ-климаттық жағдайлары осал мемлекет ретінде топырақтың жедел деградациясы, органикалық көміртек мөлшерінің азаюы және агроценоздардың биологиялық өнімділігінің төмендеуі секілді проблемаларға тап болуда.

- Органикалық егіншілік – синтетикалық тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолдануды болдырмайтын тұрақты тәсіл ретінде агроэкожүйелердің жай-күйі нашарлаған қазіргі жағдайда өзектілігін арттыруда. Қазақстанда тиісті сертификаттау базасы болған жағдайда органикалық ауыл шаруашылығын дамытуға айтарлықтай әлеует бар.

Климаттың өзгеруі, топырақ деградациясы және ауыл шаруашылығы ландшафттарындағы экожүйелік функциялардың әлсіреуі сияқты қазіргі үрдістер агроөнеркәсіптік кешенді «жасыл» трансформациялау аясында стратегиялық бағыттар ретінде көміртекті және органикалық егіншілікке жүйелі түрде көшу қажеттілігін айқындап отыр.

Егінжай күні аясында көміртекті және органикалық егіншілікті дамытудағы негізгі сын-қатерлер талқыланды:

- агрожүйелердегі көміртек баланстарын верификациялаудың ұлттық жүйесін құру және көміртекті агроэкожүйелік сервистерді әзірлеу;
- Қазақстанның түрлі табиғи-климаттық аймақтарына бейімделген көміртекті егіншілікке арналған агротехнологиялар тізілімін әзірлеу;
- көміртек баланстарын мониторингтеу және верификациялау мақсатында ГАЖ, қашықтықтан зондау және көміртектің биогеохимиялық айналымы модельдері негізінде ұлттық кадастрлық жүйені қалыптастыру;
- климаттық тәуекелдер, топырақтың аймақтық ерекшеліктері және агро-биоәртүрлілікті ескере отырып, өңірлік бейімделген органикалық шаруашылық жүйелерін әзірлеу;
- аграрлық ұйымдар, орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттары базасында білім беру және агроэкологиялық платформаны қалыптастыру.



«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА 217 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында барлығы 460 мың оқушы орны ашылды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша жаңа форматтағы 105 мектеп салынды. Ал, 2025 жылдың соңына дейін тағы 112 мектеп пайдалануға беріледі. Осылайша, жаңа оқу жылында қосымша 206 мың оқушы орны беріледі.

Аталған жоба аясында салынған мектептер бұрынғы типтік мектептерден едәуір ерекшеленеді. Олардың жалпы аумағы 15-20%-ға үлкен, ал техникалық жабдықтау деңгейі төрт есе жоғары. Әр мектепте робототехника кабинеттері, STEM-зертханалар, хореография залдары, коворкинг аймақтары мен төрт спорт залға дейін қарастырылған.

Ұлттық жоба аясында барлығы 460 мың оқушы орнына арналған 217 мектеп салу жоспарланған.

КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

ҚАЗАҚ ЕГІНШІЛІК ЖӘНЕ ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНДА ЕГІНЖАЙ КҮНІ ӨТТІ

ФОТО: QAZSCIENCE.GOV.KZ



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының Президенті А.К.Күрішбаев өз сөзінде былай деп атап өтті:

«Қазақстан топырақ пен биомассада көміртекті секвестрлеу үшін кең мүмкіндіктерге ие. Жайылымдар мен пайдаланылмай жатқан егістік алқаптардың едәуір бөлігі қалпына келтіріліп, тиімді көміртек резервуары ретінде пайдаланылуы мүмкін. «Көміртекті полигондар» құру бастамасы – деградацияланған жерлерге орман белдеулері мен көпжылдық дақылдар отырғызу – елдің «жасыл өкпесін» қалыптастыруға бағытталған. Қазақстанның климаттық саясатында 2030 жылға дейін CO² шығарындыларын 325 млн тоннаға дейін қысқарту көзделген, бұл міндетті іске асыруда аграрлық сектордың белсенді қатысуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда, органикалық және көміртекті егіншілік бірін-бірі толықтыратын тәсілдер ретінде қарастырылады. Ауыспалы егіс, компост енгізу, сидераттарды пайдалану, топырақты минималды өңдеу сияқты органикалық әдістер гумустың жиналуына ықпал етеді. Еуропалық Одақ елдерінде органикалық шаруашылықтар топырақтағы органикалық заттардың құрамын сақтауға міндетті, бұл өз кезегінде топырақтың құрғақшылыққа және эрозияға төзімділігін арттырады».

Қазақстанда көміртекті егіншілікті табысты дамыту үшін агроэкожүйелердегі көміртекті басқарудың жүйелі моделі қажет. Бұл бағыттың маңыздылығын ескере отырып, Ұлттық ғылым академиясы «Көміртекті егіншілік аясында топырақтағы көміртек пен парниктік газдарды басқаруға арналған кешенді және интеграцияланған тәсілдер: топырақ құнарлылығын арттыру мен аграрлық сектордың климаттық орнықтылығын қамтамасыз ету стратегиясы» атты ұзақ мерзімді ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға арналған техникалық тапсырма жобасын әзірлеп, оны жүзеге асыру бастамасын көтерді. Бағдарлама көміртек үнемдеуші агротехно-

логияларды енгізуді, геоқаптараттық жүйелер мен жасанды интеллект негізінде көміртек балансының мониторинг жүйесін құруды, топырақтағы органикалық көміртекті секвестрлеудің нормативтерін ғылыми тұрғыда негіздеуді, сондай-ақ ел аумағында көміртекті полигондар желісін дамытуды көздейді.

А.К. Күрішбаев Қазақстанда көміртекті егіншілікті дамыту бойынша Академия айқындаған басым міндеттерді атап өтті:

Мемлекеттік саясатты әзірлеу және институционализациялау:

- Көміртекті егіншіліктің нақты мақсаттары, басымдықтары және ведомствоаралық үйлестіру тетіктері көрсетілген жан-жақты тұжырымдамасын әзірлеп, қабылдау;

Ғылыми негізделген агротехнологияларды енгізу:

- Әрбір өңірдің агроэкологиялық ерекшеліктеріне бейімделген, көміртекті үнемдейтін тәжірибелерді әзірлеу және кеңінен енгізу, оның ішінде регенеративті егіншілік, нөлдік өңдеу, жамылғы дақылдары мен агроорман шаруашылығына басымдық беру;

Көміртекті полигондар желісін құру:

- Ұзақ мерзімді мониторинг, технологиялардың тиімділігін бағалау және климаттық тұрғыдан бейтарап практикаларды көрсету мақсатында өңірлік репрезентативті полигондар желісін қалыптастыру;

Көміртек қорларын карталау және кадастр жүйесін енгізу:

- Топырақтың көміртек әлеуетін ұлттық және өңірлік деңгейде дәл бағалау және есепке алу үшін қашықтықтан зондау, ГАЖ, жасанды интеллект және математикалық модельдеу негізіндегі озық карталау жүйелерін енгізу;

Көміртектік бірліктерін верификациялау және есепке алу тетіктерін әзірлеу:

- Квота саудасы жүйесіне қатысуға және көміртекті үнемдейтін технологияларды субсидиялау мен инвестиция тартуға мүмкіндік беретін көміртек бірліктерін верификациялау мен есепке алудың институционалдық тетіктерін құру.

Іс-шараға ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі, Алматы облысының әкімі, Жамбыл, Түркістан және Жетісу облыстары әкімдіктерінің басқарма басшылары, жетекші халықаралық және отандық ғалым-сарапшылар, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының басшылары, бизнес-қауымдастық өкілдері қатысты.

Іс-шараның қорытындысы бойынша Қазақстанда көміртекті және органикалық егіншілікті дамытуға арналған, ғылыми тұрғыдан негізделген шаралар мен оларды ұлттық деңгейде іске асыру тетіктерін қамтитын резолюция әзірленеді.

ФОТО: QAZSCIENCE.GOV.KZ

МАҚАЛАНЫҢ
ТОЛЫҚ
НУСҚАСЫН
ГАЗЕТТІҢ
САЙТЫНАН
ОҚЫҢЫЗ



Аесек те, біз өткенге өткел салып өту мүмкін емес деп есептейтініміз жа- сырын емес. Бірақ, кейде тарихтың тілсіз куәсі – тасқа, қабырғаға, сынған тос- тағанға қолымыз тисе, кенеттен кеше мен бүгінді жалғайтын көпір пайда болғандай, дәуірді дәуірге ұластырған жүйке тамырдың бүлкілдеп соққанын сеземіз.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2023 жылғы жазда Мысыр мен Сирияның сұлтаны, крест жорықтарына және моңғол- дарға тойтарыс берген мәмлүк, ұлы баба- мыз Бейбарыстың 800 жылдығына орай Каирге бардық. Басты мақсатымыз – Қазақ- стан мен Мысырдың бірлескен жобасы, XIII ғасырда Бейбарыс салдырған мешіттің ашылу салтанатына қатысу еді. Нысанды қалпына келтіру жұмыстары біраз жылға жалғасқаны белгілі. Нәтижесінде, бұл тари- хи жәдігер өзінің рухани болмысын жоғалт- пай, қазіргі заманның сән-салтанатына сай келетін заманауи кешенге айналды. Бізге, әсіресе, ондағы архитектуралық шешім ұна- ды.Себебі, заманауи технологиялар мен көне негіздің астасуы өткеннен болашаққа салынған көпір іспетті көрінгені рас.

Сол кезде ерекше бір күйді бастан кеші- тім: бір сәтке туған жер мен тұрған жердің арасындағы бес мың шақырымның бар- жоғын сезбей қалдым. Өйткені, талантты қолөнершілер қалпына келтірген сонау XIII ғасырда бедерленген таныс ою-өрнектер, екі түсті кірпіштен қаланған қабырғалар – бәрі жүрегімізге жақын дүниелер еді. Бәлкім, біздің даңқты жерлесіміз өзінің бала кезінде Ұлы Дала төсінде қолына алған жусанның иісін сезініп, осылай болса да Отанына оралғандай күй кешкісі келген болар?!

Осындай сәттерде өзіңді бүгінгіңіз ғана емес, одан анағұрлым үлкен жаратылыстың бір бөлшегі сияқты сезінетін күй болады. Өзіңнен бұрынғылар мен кейінгілердің ой- армандарын, рухын, қайғы-мұңы мен үмітін ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, бойына сіңірген біртұтас, үздіксіз, тірі сананың бөлігі екеніңді ұғына түсесің.

Осы тұрғыдан алғанда, Ұлы Дала – тарихи-географиялық кеңістік қана емес, ол – ұжымдық санадағы рухани өлшем. Оған дем беріп отырған көнерген қияндағы бейсаналы импульстер емес, мыңжылдық жолдағы мәдениеттермен, сынақтармен және жеңістермен бетпе-бет келгенде туған эмоционалды тәжірибе. Міне, біздің біре-гейлігіміздің тамырын осы тұстан іздеу керек. Көптеген ғасыр бойы бұл жанды кеңістіктің арнасы тарамдалып, әлемге жаңа қан та- ратса, тартылуға шақ қалған кездері де бол- ды. Жеңістердің атасы атанған әл-Мәлік аз-Захир Рукн ад-Дин Бейбарыс қайта оралуды армандаған осы кеңістіктің бүлкілдеп соғып тұрған географиялық және рухани жүрегі, «әлемнің кіндігінде» орналасқан мекен, ол – Қазақстан. Бұрын солай болған, қазір де солай.

Себебі, әлемнің қай түпкірінде жүрсек те, тағдыр қаншама тамаша жерлерге жетелеп апарса да, мұрынды жарып, кеудені кер- ген дала жусанының иісіне жететін ешнәрсе жоқ.

■ ТАРИХ ТАСҚЫНЫНДА ЖОҒАЛМАУ

Осылайша, қалыптасқан парадигмалар- дың бұзылуы XXI ғасырдың өзіндік ерек- шелігіне айналады. Яғни, жаһандық қауіп- қатердің өрши түсуі, халықаралық ортақ өмір сүру қағидаттарының деформация- лануы және ұлтшыл-популизмнің кең тарա- луы уақытша дағдарыстың өзгерістері ғана емес, бүгінгі күннің шындығын айқындайтын белгілер. Қазақстан осы біртұтас әлемнің ажырамас бөлшегі ретінде бұл үдерістерден қалыс қала алмайды.

Ал, тарихтың осынау асау толқынына жұтылып кетпеу үшін мемлекетке мызғымас ішкі өзек қажет. Бұл дегеніңіз, экономика да, саяси жүйе де емес. Себебі, олар белгілі бір аумаққа және ондағы адамдардың мен- талитетіне тәуелді емес әмбебап ұғымдар десек, қателесе қоймаймыз. Ал, ішкі өзек болса, бірегей, берік, ұлтты ұйыстыратын дүниелерге табан тірейтін анық.

Яғни, бөлшектеуге келмейтін бірегейлік қана жалпыға ортақ дағдарыс дүрбелеңі- нде ұлттың ыдырауына жол бермейтін молекулярлық байланыс бола алады. Бұл – барлық азаматтық өзіне ғана тән мәдени- болмыстық құндылық матрицасына жа- татынын сезінуі.

Аталған тезисті жақсырақ түсіну үшін біз ұлтты адаммен салыстырып көрейік. Адам тұлғасы Өзім және Өзге деген түсінік арқы- лы өзін өзгеден бөлектейді. Біз және Олар. Ұлттың өзін-өзі тануы осындай оппозиция- лық ұстанымнан басталып, оның қоршаған геосаяси ортадан жойылып кетпеуінің кепілі болады.

Қуатты ұлттық бірегейлік шығу тегіне, әлеуметтік жағдайына, діни немесе саяси көзқарастарына қарамайды. Біз айтқан ішкі өзек дегеніміз – осы. Сол ғана Қазақстанды біртұтас өміршен азғаға біріктіре отырып, негізгі күштер мен сыртқы сын-қатерлерге төтеп бере алады. Егер саяси жүйе – оның тірегі, экономика – өмірлік нәрі болса, бірегейлік – ұлттың жаны, мәні, еркі мен рухы.

Бұл салыстыру – романтикалық абстрак- ция емес. Себебі, Самуэль Хантингтонның пікірінше, оның сипаттамалары көзге көрін- бейтіндей, қолға ілінбейтіндей сан түрлі мазмұнда болса да, ұлттық бірегейліктен ұлттық мүдде туындайды. Сондықтан ұлттың мүддесін тұтас айқындау біздің кім екенімізді және басқалардан қалай ерекшеленетініміз- ді түсінуімізге тікелей байланысты. Ал, мұны түсініп алмай, мемлекет пен қоғамның одан әрі дамуын болжау мүмкін емес.

Осыдан келіп, мынадай сұрақ туындай- ды.Жалпы, Қазақстан дегеніміз не? Ол этностық тұтастық па, әлде ортақ азаматтық біріктірген өз қазанында қайнаған этно- мәдени суббірегейлік пе? Ұлттық коктейль- дің ингредиенттерін біріктіретін не? Мәде- ниет, туыстық, саяси құндылықтар, ортақ тарих немесе болашаққа деген көзқарас па? Егер біріктіруші мәдениет болса, ол біртұтас па, әлде көпмәдениетті ме? Этностық, діни, әлеуметтік және саяси бірегейліктен биік



РЕФОРМАЛАРДЫҢ МӘНІ – 3: XXІ ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҢ JAҢA САПАСЫ

тұратын баршаға ортақ супербірегейлік бізге тән бе?

Осы сұрақтарды қоюдың өзі ықтимал жауаптың көп болатынын меңзейді. Қым- батты оқырман да солай ойлайтыны анық. Бірақ, біз бұдан қысылмауымыз керек. Өйт- кені, XXІ ғасыр – басқаларды айтағанда, ұлттық бірегейліктің өзі әлемдік дағдарысқа тап болған дәуір.

Бұл дағдарыс барлық жерде байқалады және жаһандық сипатқа ие. Одан бай- қуатты Батыс Еуропа да, АҚШ та тыс қала алған жоқ. Бұған дәлел америкалық балқыту қазанының классикалық моделі бірнеше фактордың күшті қысымымен негізгі англо- протестанттық бірегейлік әсірлеген тұста сыр беруі айқын дәлел бола алады. Бұл қандай факторлар? Олар: Латын Амери- касы мен Азиядан жаппай көшу, мәдени әралуандықтың кеңінен таралуы, нәсіл, эт- нос және жыныстық белгілер ұғымдарына негізделген топтық бірегейліктің орнығуы, диаспоралардың, космополитизм мен эли- таның трансұлттық өзіндік бірегейлігінің күшеюі.

Осылайша, дәстүрлі америкалық біре- гейлік кейінгі сегіз-тоғыз жылда айтар- лықтай дағдарысқа тап болды. Таразының бір басында «Black Lives Matter» ұранымен жаппай наразылықтарға ұласқан нәсілдік дағдарыс тұр. Ал, оның екінші басына АҚШ-тың ішкі және сыртқы парадигмасы- ның түбегейлі өзгерісі орналасқан. Осының нәтижесінде «Make America Great Again» деген ұранды ту еткен Дональд Трамп АҚШ- тың 47-ші Президенті болып сайланғаны мәлім. Кейінгі жылдары №1 әлемдік дер- жава Американы ұлы ел еткен ұлттық бірегейліктің тамырына оралу үшін жасаған BLM-нен MAGA-ға дейінгі бұл күрт бет- бұрыс осы материалдық емес категорияның әлем тағдырындағы шешуші мәнін көрсетеді.

Осыдан келіп шығатын қорытынды: әрбір мемлекет үшін алдымен – ұлттық бірегейлік, содан кейін ғана – экономика мен саясат. XXІ ғасырдағы көз келген елдің мемлекеттік басымдықтар үштігінің орнын осылай айқындауға болады. Меніңше, бұл артық айтқандық емес.

Сондықтан 2022 жылғы бетбұрыс кезеңінен бастап, Президентіміз Қасым- Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстан құру ту- ралы бастама көтеріп, өзінің реформалық күн тәртібіне ұлттық бірлік мәселесін қос- ты. Сондай-ақ, Президентіміз: «Біз «Түрлі көзқарас, біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануымыз керек» деп, оған еліміздің құндық азматы үшін ортақ бірегейлік бірлестігі турғысынан назар аудар- ды. Мемлекет басшысы осылайша ұлттың жаңа сапасын және барша азаматқа ортақ құндылықтарды қалыптастыру жолында бәрімізді ұлттық бірегейлікті нығайтуға шақырып отыр.

■ ҚАТАР ЖОЛДАР ТОҒЫСПАЙДЫ

Осы ретте скептиктерді сөйлетсеңіз, олар былай дер еді: біріншіден, біз мұның бәрін өткен отыз жылда бірнеше рет естідік; екіншіден, мемлекеттің бұрынғы басшы- лары Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап ұлттық бірлік пен ортақ бірегейлік мәселелерімен айналысып келді.

Шындығында, өткен отыз жылдан астам уақыт ішінде қазақстандық бірегейлік пен ұлт санасын жаңғырту қажеттілігі туралы мәлімдемелер билік дискурсы үшін ортақ мәселеге айналды. Олай болса, сіз бұрынғы кезеңдегі ұлт құру саясаты мен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазіргі реформа- лары арасында түбегейлі айырмашылық бар ма деп сұрайтыныңыз анық.

Спойлер: айырмашылық бар және ол айтарлықтай үлкен десек, артық емес.

Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін бәрін ба- сынан сараптауымыз керек. Ең алдымен, біз өзі жас ұлтыз ба? Жауап: иә және жоқ. Өйткені, Тәуелсіздік алған сәтті жаңа ұлттың пайда болуының бастауы деп санауға да болар еді. Бірақ, сонымен бірге, мұны кем дегенде 13 ғасыр бұрын немесе одан ер- терек, біздің жерімізде, мәдениетіміз бен генімізде өз ізін қалдырған сақтардың, ғұндардың және ежелгі түркілердің көш-

пелі өркениеттерінен басталған тұтас әрі ұзақ тарихи тізбектің табиғи жалғасы деп қарастырған жөн. Тікелей біздің ұлтымыз- дың Қазақстан аумағында қалыптасуы бүгін немесе тіпті 30 жыл бұрын да басталған жоқ. Ол бір-бірімен астасып жатқан екі үдеріспен байланысты: біріншісі – қазақ этносының Жошы Ұлысындағы халықтардың конгло- мератында пайда болып, бөлінуі, кейін 300 жылдан астам уақыт бойы өз мемлекеттілігі шеңберінде дамуы, екіншісі – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы құрамындағы көпэтносты бірегей халықтың қалыптасуы.

1991 жылдан бастап бұл үдерістердің екеуі де құқық тұрғысында мирасқор мем- лекет Қазақстан Республикасында егемен ұлттың құрылысы ретінде жалғасын тапты. Мұнда екі жолды ажыратып көрсету керек. Өйткені, төменнен – мемлекеттік егемендік пен нарықтық экономика жағдайындағы қоғамдың «өзін-өзі құрудың» стихиялық, табиғи процесі жүрді. Ал, жоғарыдан – көпэтносты кеңестік дәуірден кейінгі халық- ты жаңа типтегі азаматтық бірлікке инте- грациялау жөніндегі мемлекеттік ішкі саясат жүзеге асырылды.

Әрине, бұл екі жол да бүгінде этносқа, нәсілге немесе әлеуметтік мәртебеге қара- мастан, бізге танымал сипат берген дәс- түрлердің, әдеттердің, мәміленің, өмірлік тәжірибенің, мақсаттардың, құндылықтар мен мұраттардың бастапқы синтезі болған ортақ нәтижеге әкелді. Бұл ортақ нәтиже – шетелде жүріп те, бір-бірімізді жазбай тани- тын адамның сипаты.

Алайда, «жоғарыдан» басталған жол анағұрлым қиын болып шықты және ол бас- талған жерінен алыстаған сайын алғашқы импульс энергиясын жоғалта берді. Біз қазір ішкі, сыртқы, экономикалық, әлеуметтік және тағы басқа бағыттардан тұратын жалпы мемлекеттік саясат туралы емес, мақсатты мемлекеттік ұлт құру жобасы туралы айтып отырмыз.

Расымен, бұл бағыттағы алғашқы бас- тамалар, соның ішінде Конституцияда бекітілген қадамдар, жақсы әрі нәтижелі болды. Бірақ, кейіннен нақты әрекеттер де- кларативті дүниелерге ұласып, тақырыптық дискурстың тұңғығына батып кетті. 2015 жылы Президент Жарлығымен қабылдан- ған Қазақстанның бірегейлігі мен бірлігін нығайту және дамыту тұжырымдамасын бүгінде ешкім есіне түсіре қоймас. Бірақ, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы көпші- ліктің санасынан өше қоймаған шығар. Дегенмен, мазмұн жағынан белгілі бір инновациялық сипатқа ие болғанымен, ол да бюрократиялық құжаттама мен есептер- дің арасында жоғалып кетті.

Сондай-ақ, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы жазылғаны белгілі. Онда дамыған 30 елдің қатарына кіру жос- парынан бөлек, халқымыздың тарихи сана- сының өзегі ретінде бүкілқазақстандық бірегейлік алға шығарылды. Сонымен, бір қатарда дамып келе жатқан қазақстандық азаматтық қоғамдастықтың біріктіруші негізі ретінде қазақ халқының рөліне мән берілді.

Бұл екі тезис бір-бірімен байланысты секілді көрінсе де, нәтижесінде бізде қос бірегейлік фактісінің бар екенін көрсетті. Оның бірі – дамып жатқан азаматтық бірегейлік, ал екіншісі – полиэтностық электрондар үшін тартылыс ядросы бола- тын қазақ этносының бірегейлігі. Ал, мұның бәрінің бір арнаға тоғысуы тек 2050 жылға қарай толық аяқталады деп күтілген еді.

Осылайша, Қазақстан халқының өзіндік бірегейлігінің екі деңгейі тіркеледі: біріншісі – ортақ саяси құндылықтарға негізделген біртұтас азаматтықтан туындайтын баршаға ортақ бірегейлік, екіншісі – қазақ этносы- ның бірегейлігі. Сәйкесінше, екі бірегейлікті, Қазақстан азаматы мен қазақ этносының бірегейлігін қатар дамытуға ұзақмерзімді бағыт берілді. Оған сәйкес, ұлтты жа- санды түрде құрастырылмаған, адамдар қолдайтын шынайы құндылықтар негізінде баршаға ортақ бірегейлік аясына ұйыстыру міндетін шешу кем дегенде 2050 жылға дейін шегерілді.

Міне, «ескі» және «жаңа» Қазақстан ара- сындағы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі осы жерден екіге ажырайды.

■ «ТОҚАЕВ МОДЕЛІ»

Сонымен, ұлттық бірегейлік мәселе- сіндегі ескі және жаңа көзқарастардың айырмашылығы неде? Бұрын ұлт құру процесі, негізінен, стихиялы болды және оған «жоғарыдан» ықпал ету әрекеттері декларативті тетіктерді қабылдаумен шек- телді. Сондай-ақ, бұл жұмыстың барлығы мемлекеттің ақпараттық тапсырысымен орындалатын БАҚ-тағы тақырыптық дис- курспен тәмамдалатын. Ал, «Тоқаев моде- лі» болса, мемлекет пен қоғамның ұлтты біріктіріп қана қоймай, оған XXІ ғасырда жаңа сапа бере алатын ортақ құндылықтар- ды іріктеу және әзірлеу жөніндегі проактивті қызметін ұсынады.

Дәл осылай екі бірегейліктің орны- на елді бөліп-жармайтын жаңа тәсіл алға шыға бастады. Осынау «Тоқаев моделі» Тәуелсіздік алғалы бері бір жүйеге түскен және көпшілік қабылдаған ортақ мәдени, саяси, экономикалық, тұрмыстық, дәстүрлі, өмірлік құндылықтар кешенін негізге ала- ды. Бұл үлгі еліміздің азаматтарын жікке бөлмейді, керісінше біріктіреді. Мұның бәрі, түптеп келгенде, жаңа жалпыұлттық бірегейліктің іргетасы болып қаланады. Бұл – уақыт талабына сай нығайту мен жетілдіру арқылы жұмыс істеуге болатын және соған қажет берік қоспа. Ескеретін жайт: оның барлық құраушы бөлшектері механикалық қоспа емес, қорытпа, яғни, түрлі құрамдас бөліктердің жаңа бірегей мәнге сапалы трансформациялануының нә- тижесі. Бұл қорытпаның бірегейлігі сол – ол әртүрлі мәдени құндылыққа негізделген элементтердің бітеқайнасып кетуімен ғана айқындалмайды. Сондай-ақ, Қазақстан хал- қының жалпыұлттық бірегейлігінің негізгі сипаты – «қазақ» мәдени кодтың басым болуымен де дараланып тұрады. Бұл, ша- мамен, «ағылшындық», британдық бірегей- ліктің болмысын айқындайтын жағдайға ұқсайды. Бұл ретте қазақы бірегейлік те басқа дәстүрлердің мәдени элементтерін өзіне қабылдайтынын назарда ұстаған жөн.

Дәл осы қазақы мәдени код элементтерін ортақ азаматтықпен және өзге де ортақ құндылықтармен бір қатарда тұрады, алуантүрлі сипаттағы бірлікті қамтамасыз ететін маңызға ие. Сонымен бірге бұл ұлтқа, көзбен көріп, қолмен ұстау мүмкін емес, өзгелерге ұқсамайтын ерекшелік сыйлайды. Соның арқасында біз шетелдіктер арасынан «қазақтарды» этностық тегіне қарамастан, жазбай тани аламыз.

Бұл модельдің мәнін Мемлекет бас- шысы 2023 жылы былайша тұжырымдап берді: «Бүгінде азаматтарымыздың бар- лығы өздерін үлкен әрі біртұтас қазақ отбасының, шын мәнінде, қазақ елінің мүшесі сезінеді. /.../ Осы ретте біз мақта- ныш ететін этномәдени әралуандығымыз ешқандай жоғалып кетпейді. Керісінше, біртұтас азаматтық негіз есебінен нығая түседі. Елімізде түрлі мәдениет дәстүрлері жалпыұлттық бірегейліктің берік іргетасы болып қаланатын өзімізге тән айрықша өмір сүру салты қалыптасты».

Ұлт құрылысының аморфтық, бет- әлпетсіз, субьектісіз жалпыазаматтық моделінен қазақ мәдени генотипінің айқын субьективтілігіне ауысуы – «Тоқаев моделінің» басты маңызды ерекшелігі. Бұл жекелеген бірегейліктердің «біртұтас қазақ отбасының» аясында бір мәдени-ақыл-ой матрицасына ұласуынан көрінеді. Мұның бәрі – ешқандай қысымсыз немесе мәжбүр- лі ассимиляциялаусыз, тұрғылықты жердің, мәдени ортаның және сандық фактордың ықпалымен болып жатқан табиғи процесс.

Осы пікірімізге Мемлекет басшысының: «Даңқты отандастарымызды, спортшыла- рымызды, мәдениет қайраткерлерімізді, ғалымдарымыз бен студенттерімізді, кәсіп- керлерімізді шыққан тегіне қарамастан, шетелде үнемі қазақтар деп атайды. Бұл – табиғи құбылыс. Солай болуға тиіс», – деген ұстанымы дәлел.

Обьективті үдерістерді негізге алу – «Тоқаев моделінің» тағы бір ерекшелігі. Бұл – түп-тамырдан алшақтатып, негізсіз шығындарға ғана әкелетін күрделі конструк- цияларды, доктриналар мен бағдарламалар

жасауға тырысудан түбегейлі бас тарту деген сөз.

Алайда, осы қарапайымдылық жағдай- ды жүгенсіз жіберу дегенді білдірмейді. Керісінше, бұл – оқиғалардың қалыпты ағы- нына жәрдемдесу, бағытты түзеп, жолда кездескен кедергілерді еңсеріп, кедергілер туғызбай, қоғам көшіне ілесіп отыру. Айқидо қағидаты да осыған саяды. Яғни, ол – таби- ғи процестердің энергиясын ақырын, бірақ анық, тұншықтырмай әрі тежемей мақсатқа бағыттау. Сонымен қатар, ол – қарсы қоймай ортақ мүдделерді іздеу, ассимиляцияламай интеграциялау.

«Тоқаев моделінің» тағы бір маңызды құрамдас бөлігі – прагматизм және нәтижене көздеу. Соның негізінде дискурс шындығы іс-әрекет шындығы алмастырды. Тиімділігі күмәнді, ұзаққа созылатын, бірінен-бірі ту- ындайтын бағдарламалардың орнын нақты істер басты. Осыған қарап, Жаңа Қазақстан дегеніміз амалдың сөзден басым түсуі деп айта аламыз. Бұл 15 жылға жуық уақыт тұралап қалған ауқымды ЛРТ жобасының Мемлекет басшысы араласқаннан кейін 2025 жылдың күзінде тест-драйвтан өтуге дайын болуынан да көрінсе керек.

Ұлт құру ісіндегі бұл прагматизм барлық бағыттан байқалады. Әсіресе, поп- мәдениетті, фильмдерді, сәнді, тамақты, спортты, әлеуметтік желілердегі контентті қалыптастырушы әсерді туындататын негізгі бағыттарды саналы түрде қолдау мен на- сихаттаудан да көрінеді. Қалыптастырушы әсер деп отырғаным – ұлттық трендтердің, көп жағдайда, жастар арасында қалып- тасуына барынша кең және терең әсер ететіндей таралған көңіл күй толқыны. Мұнда да «қазақылықты» сәнге айналдыр- ған креативті индустрия «Тоқаев моделінің» негізгі басымдығы екенін атап өткен жөн.

Бұған нақты мысалдар аз емес. Себебі, кейінгі жылдары Димаш Құдайберген, Ири- на Кайратовна, Қазыбек Құрайыш, Мирас пен басқа да жаңа толқын Q-рор орын- даушылары арқылы қазақ поп-музыкасы әлемге танылды. Қазақ киноиндустриясы қарқын алып, соңғы екі-үш жылда фешн- және гастро-индустриядағы этнобағыттар алға шықты. Әлеуметтік желілерде ұлттық тақырыпқа арналған авторлық роликтердің саны да, сапасы да артты. Мұның бәрі – біздің пікіріміздің дұрыс екенін растайтын дәлелдер.

Жалпы, Мемлекет басшысы креативті индустрияны ұлттық жаңғырудың маңызды тетігінің бірі ретінде қарастыруы тегін емес. Себебі, дәл осы салада soft power, яғни жұмсақ күшті пайдаланудың берері мол. Бұл істе ешкімді мәжбүрлеу, күшпен көн- діру немесе медиа гипнозды қолданудың қажеті жоқ. Қайта тартымды трендтер қа- лыптастыру арқылы жеке қызығушылыққа және эмоцияға әсер ететін тетіктерді жан- дандыру айрықша мәнге ие.

Түптеп келгенде, болашақтағы ұлттын жаңа сапасын қалыптастыру жолын айқын- дау және содан келіп туындайтын ұлттық ренессанс «Тоқаев моделінің» негізгі қа- ғидаты саналады. Мемлекет басшысы атап өткендей: «Жас ұрпақ тарих тағылымын және елдің жарқын болашаққа ұмтылысын бір арнаға тоғыстырып жатыр. Осылай- ша, олар ұлттың рухын жаңғыртуда. Осы серпілістің қарқынын сақтай отырып, оны күшейте түсу – мемлекеттің міндеті. Бұл міндетті абыроймен атқарсақ, қазақтың ре- нессанс дәуірі, яғни түбегейлі өзгерістер за- маны келеді».

XXІ ғасырда ұлтты қайта жаңғырту 2050 жылдарға көздеген бұлыңғыр меже емес, ол – орта мерзімде нақты қол жеткізуге бо- латын айқын мақсат. Бұл жолда ұлт өзін бір отбасы ретінде сезінуге тиіс. Бұл отба- сыны ортақ құндылықтар және еліміздің ұзақмерзімді даму перспективаларына де- ген ортақ көзқарас байланыстыруы шарт. Ал, мұны тек ұлттық диалог арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің жаңа институты – «та- рих тағылымы мен жарқын болашақты» тоғыстыратын Ұлттық құрылтай дәл осы мақсатпен құрылды.

■ ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Ұлттық құрылтайдың 2022 жылғы мау- сымда өткен тарихи І отырысында ұлттық жаңғырудың негізі қаланды. Сол жиында Мемлекет басшысы: «Құрылтайдың бас- ты мақсаты – жаңа идеялар мен жасампаз қадамдар арқылы ұлт бірлігін нығайту», деп, жаңа алаңның рөлін айқындап берді. Осы- лайша, ұлтымызға ұя болған қасиетті Ұлытау төрінде, қазақ хандарының атасы Жошы хан кесенесінің іргесінде тамырын тереңге жайған мемлекеттілігіміздің жаңа дәуірі басталды деуге толық негіз бар.

Қазақтың мәдени жаңа тарихи дәстүрі- нен бастау алатын Ұлттық құрылтайдың форматы дала демократиясы институтының мәнін жаңғыртып қана қоймай, халықтың тарихи жадына, ғасырлар бойы сақталған әдет-ғұрпына табан тірейді. Мұның мәні тереңде жатыр. Бұл даңқты тарихты еске алу үшін жасалып жатқан символикалық шара емес. Ол – болашақтың келбетіне ұлы тарих арқылы қарауға мүмкіндік беретін қадам.

Қазақстан тарихында ұлттық бірегей- ліктің қалыптасуына әсер етіп, біздің мәдени-ментальды жадымызда терең із қалдырылған үш маңызды кезеңді белгілі бір шарттылықпен бөліп көрсетуге болады. Біріншісі – VIII ғасырдан XII ғасырға дейін жалғасқан Орталық Азиядағы ағартушылық дәуірі болса, екінші кезең – Алтын орда уақыты. Ал, үшінші кезең – Тәуке хан биле- ген Қазақ хандығының алтын ғасыры.

«Өркеніеттер тоғысында болған Қазақ- стан өзінің көп ғасырлық тарихында әлемнің сан алуан салт-дәстүрін бойына сіңірді. Бұл – мәдени кодымыздың ажырамас бір бөлшегі, ұлтымыздың баға жетпес байлығы және бәсеке жолындағы артықшылығы». Мемлекет басшысының бұл сөздері Орталық Азия өңірінде, оның ішінде біздің еліміздің аумағында өркениеттің өркендеген дәуірін дәл сипаттайды. Шын мәнінде, сол кезең адамзатқа Шығыста Екінші ұстаз атанған әйгілі энциклопедист әл-Фарабиді, Биру-



■ ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ – ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

– Ұлар Оразғалиұлы, Ғылым ордасының бүгінгі басты бағыттары мен алдағы міндеттері қандай?

– Бүгінгі таңда Ғылым ордасы – тек ғылыми мекеме ғана емес, ұлттың рухани, мәдени және зияткерлік мұрасын сақтап, дамытатын маңызды орталыққа айналып отыр. Заман талабына сай біз бір ғана бағытпен шектелмейміз – білім беру мен ғылымды ұштастыра отырып, музей ісі мен кітапхана саласындағы жобаларды қатар дамытып келеміз.

Біздің басты мақсатымыз – еліміздің бай тарихи-мәдени және ғылыми мұрасын зерттеп, оны келер ұрпаққа аманаттау. Бұл бағытта ғылыми жобалар жасап, соны тәжірибеге енгізуге баса мән беріп келеміз. Сондай-ақ, кітаптар мен құжаттарды жинақтап, жүйелеп, оларды көпшілікке қолжетімді ету де негізгі жұмысымыздың бірі. Осы арқылы ғылыми ақпарат кеңістігін қалыптастырып, білімнің таралуына өз үлесімізді қосамыз.

Ғалымдар мен зерттеушілерге қолайлы жағдай жасау – біздің тағы бір маңызды бағытымыз. Осы мақсатта заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген кеңсе-кеңістіктер ұсынылып, инновациялық орта құрылуда. Бұл жерде жас ғалымдар да, тәжірибелі мамандар да өз жобаларымен айналысып, жаңа идеяларын іске асыра алады.

Ғылым ордасы – ғылым мен мәдениеттің тоғысқан қасиетті мекен. Мұндағы атқарылып жатқан жұмыс – бүгінгі күннің ғана емес, болашақтың қамы үшін жасалып жатқан еңбек. Сондықтан, ғылыми кадрларды қолдау, олардың кәсіби дамуына жағдай жасау, зерттеу жұмыстарына ынталандыру тетіктерін енгізу – біздің басты басымдықтарымыздың бірі екенін ерекше атап өткім келеді.

Сонымен қатар, біз жоғары оқу орындарымен, ғылыми мекемелермен тығыз байланыс орнатып, ортақ жобаларды дамытуға күш салып жатырмыз. Бұл байланыс тек ел ішінде ғана шектелмейді – шетелдік ғылыми орталықтармен, жетекші кітапханалармен, архивтермен, музейлермен тәжірибе алмасып, ғылыми және мәдени бағыттағы халықаралық ынтымақтастықты да белсенді түрде дамытып отырмыз.

– Соңғы жылдары жүзеге асқан маңызды жобалар немесе жетістіктер туралы айтып өтсеңіз.

– Ғылым ордасында жаңғырту бағытында бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылғаны рас. Тарих пен ғылымның туғырын биіктеу үшін техникалық жағынан да, мазмұндық тұрғыдан да жаңа деңгейге көтерілу мақсаты қойылды. 2022 жылы техникалық база жаңартылып, робот-сканерлер мен кең форматты құрылғылар алынды. Бұл сирек кездесетін құжаттар мен мұрағаттық материалдарды цифрландыру ісін сапалы әрі жүйелі жүргізуге мүмкіндік берді.

2023 жылы тарихи-мәдени мұраны сақтау ісінде тағы бір маңызды қадам жасалып, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен Реставрация және консервация орталығы ашылды. Бүгінде заманауи құрал-жабдықпен жарақталған бұл орталық – отандық ғылым мен руханиятқа қызмет ететін іргелі құрылымға айналып келеді.

Халықаралық ынтымақтастық бағытында да игілікті істер атқарылып жатыр. Быыл Түркиядағы Ислам мәдениеті мен өнерін зерттеу орталығымен және Иранның Ұлттық кітапханасымен өзара келісімдерге қол қойылып, бірлескен жобаларға жол ашылды.

Бұған қоса, қызметкерлеріміздің кәсіби әлеуетін арттыру мақсатында ағылшын, түрік және парсы тілдері бойынша тегін арнайы курстар ұйымдастырылды. Бұл – мәдени диалогты тереңдетіп, жahanдық ғылыми кеңістікпен байланыс орнатуға бағытталған нақты қадамдардың бірі. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табатынына сенімдімін.

– Шетелдік мемлекеттік маңызы бар мекемелермен – архивтермен, кітапханалармен, музейлермен және ғылыми ұйымдармен қандай серіктестік жобалар іске асырылуда?

– Жоғарыда айтып өткенімдей, бүгінде Ғылым ордасы халықаралық кеңістікте өз қызмет аясын кеңейтуге айрықша назар аударып отыр. Бұл ретте тарихи-мәдени мұраларды сақтау мен зерттеу саласында озық тәжірибесімен танылған Түркия, Иран, АҚШ сынды елдермен бірлескен жобалар қолға алында. Алдағы уақытта бұл бастамалар өз нәтижесін беретініне сеніміміз мол. Атап айтқанда, Түркияның «Istanbul Research Center for Islamic Culture and Arts» орталығымен және Алматыдағы Түркия Республикасының Бас консулдығымен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. Сонымен қатар, Иран Мәдени орталығы, Иран Ислам Республикасының Ұлттық кітапханасы мен архивімен өзара түсіністік туралы келісімдер жасалды. Қазіргі уақытта АҚШ-тағы Гарвард университеті жанындағы «Davis Center for Russian and Eurasian Studies» орталығымен ынтымақтастық меморандумы әзірленіп жатыр.

Халықаралық әріптестік аясында мәдени және ғылыми байланыстар тереңдеп, ортақ зерттеу жобаларын жүзеге асыру қарастырылуда. Кадрларды қайта даярлау және тәжірибе алмасу жұмыстары да жүйелі түрде жолға қойылып келеді. Әсіресе, кітапхана, музей және реставрация салаларында білікті мамандардың тапшылығы байқалғандықтан, бұл бағыттағы шетелдік серіктестермен бірлескен бастамаларға ерекше көңіл бөлінуде.

– Қазіргі таңда Ғылым ордасының халықаралық аренадағы орнын қалай бағалар едіңіз?

– Қазіргі уақытта Ғылым ордасы халықаралық деңгейде бірнеше маңызды бағытта өз ықпалын нығайтып келеді. Ең алдымен, біз шетелдік ғылыми орталықтар, университеттер және халықаралық ұйымдармен тығыз байланыстар орнаттық. Бұл әріптестік бірлескен ғылыми жобаларды іске асырудан бастап, халықаралық конференциялар мен форумдарға қатысуға, сондай-ақ шетелдік ғалымдарды тарту мен қазақстандық мамандарды шетелде тағылымдамаға жіберуге дейін жалғасады.

Сонымен қатар, қызметкерлеріміз халықаралық рейтингке енген беделді ғылыми журналдарда мақалалар жариялап, еліміздің ғылыми әлеуетін арттыруға өз үлестерін қосуды жоспарлап отыр.

Тағы бір маңызды жетістігіміз – Ғылым ордасының кітапхана қорында сақталған, XVIII ғасырда жазылған және ұзындығы 3 метрден асатын «Хандар шежіресі» қолжазбасы ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» халықаралық тізіміне енді және жақында ЮНЕСКО сертификатына ие болды.

■ ЦИФРЛАНДЫРУ – ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНЫҢ БАСТЫ БАСЫМДЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ

– Ұлар Оразғалиұлы, Ғылым ордасының мұрағат қорында қандай ерекше құнды құжаттар немесе жәдігерлер сақталған?

– Ғылым ордасының мұрағат қорында тарихи, мәдени, ғылыми және құқықтық маңызы зор бірегей құжаттар мен жәдігерлер жинақталған. Мысалы, тарихи құжаттар өткен дәуірдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайларды жан-жақты көрсетеді. Сонымен қатар, мәдени мұра ретінде жазушылар мен ақындардың шығармалары, музыкалық және бейнелеу өнерінің құнды туындылары бар.

Ғылыми архивімізде Ұлттық Ғылым Академиясының құрылуы мен қызметіне арналған арнайы №1 қор бар, оның құрамында академия қызметкерлерінің жеке архивтері де сақталған.

Музей қорында Қазақстанның ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихи дамуын бейнелейтін құнды жәдігерлер сақталған. Мәселен, Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» киімінің қалпына келтірілген нұсқасы (көшірмесі), Берел қорымындағы жерлеу камерасының реконструкциясы мен жылқы бейнесінің макеті – ерте көшпелілердің жерлеу рәсімдерін зерттеуге аса маңызды ғылыми дерек көзі болып табылады. Ортағасырлық қалалардың – Отырар, Тараз және Құйрықтөбе секілді тарихи орындардан табылған тұрмыстық заттар материалдық мәдениеттің айғағы ретінде саналады.

Сонымен қатар, кеңестік және тәуелсіздік кезеңіндегі көрнекті ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің жеке заттары, сирек қолжазбалар мен тарихи фотосуреттер де мұнда сақталып, Ғылым ордасының ғылыми және мәдени құндылығын арттыруда.

– Тарихи мұраларды сақтау және жаңғырту бағытында қандай жұмыстар қолға алынған?

– Тарихи мұраларды сақтау және жаңғырту бойынша біз ғылыми-техникалық бағдарламалар аясында нақты іс-шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Бұл бағытта бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру мен гранттық жобалар қолданылады. Осының нәтижесінде құнды жәдігерлерді сақтау, яғни олардың сақталуы мен қалпына келтірілуіне қажетті инфрақұрылымды жақсарту жұмыстары жүргізілуде.

– Ғылым ордасы ғимаратының тарихы мен құрылыс ерекшелігі туралы не айта аласыз?

– Ғылым ордасы – қазақ ғылымының қара шаңырағы ретінде танылған маңызды мәдени және ғылыми нысан. Оның құрылысы 1948 жылы басталып, 1957 жылы толық аяқталды. Ғимараттың жобасын әйгілі кеңестік архитектор Алексей Шусев жасаған, ол Мәскеудегі Казан вокзалы, «Москва» қонақуыі және Ленин мавзолейінің авторы ретінде белгілі. Құрылысты тікелей басқарған архитектор – Николай Простаков.

Алғашқы жобада ғимаратқа күмбез орнату қарастырылғанымен, бұл жоспар жүзеге аспаған. Ғимараттың сәулеті кеңестік дәуірдің классикалық стильдері мен функционалдық талаптардың үйлесімінен тұрады.

Кешен 12 павильоннан тұрады және бірнеше ғылыми-зерттеу институттары мен төрт музейді біріктіреді. Ғимаратта 377 орындық үлкен конференц-зал, 120 орындық кіші конференц-зал, 267 орындық концерт залы және қысқы бақ бар.

Ғылым ордасындағы музейлер қатарында Қазақстан ғылымының тарихы музейі, табиғат музейі, археология музейі, сирек кітаптар музейі, сондай-ақ Орталық ғылыми кітапхана мен ғылыми архив орналасқан. Бұл құрылымдар еліміздің мәдени және тарихи мұрасын сақтап, оны кеңінен насихаттауда ерекше рөл атқарады.

Сонымен қатар, Ғылым ордасы ғылыми-зерттеу институттарының орталығы ретінде ғылыми зерттеулерді дамытуға, конференциялар мен семинарлар ұйымдастыруға белсене атсалысып келеді.

– Құнды жәдігерлер мен кітапхана қорын кеңейту, цифрландыру және реставрация бағытында қандай шаралар жүргізілуде?

– Бұл бағытта бірқатар маңызды және жүйелі жұмыстар қолға алынған. Ең алдымен, музей қорын ғылыми негізде толықтыру, сондай-ақ тарихи маңызы зор жәдігерлер санын арттыру мақсатында мекеме қызметкерлері тұрақты түрде ізденіс және жинақтау жұмыстарын жүргізіп келеді. Қазақстан ғылымының тарихына қатысты материалдар сарапталып, заңнама талаптарына сәйкес тіркеліп, музей қорына енгізіледі.

Сонымен қатар, еліміздің ғылыми-зерттеу институттары, танымал ғалымдар мен олардың мұрагерлерімен байланыс орнату арқылы сирек кездесетін құжаттар мен артефактілерді жинау жұмысы да белсенді түрде жүргізілуде.

Кітапхана қорын кеңейту бағытында да бірқатар шаралар атқарылуда. Қор жыл сайын мемлекеттік тапсырыс арқылы және ғылыми ұйымдармен, баспалармен, жеке авторлармен ынтымақтастық негізінде толықтырылып отырады. Сирек кітаптар мен мерзімді басылымдар да жүйелі түрде жинақталып келеді.

Цифрландыру – біздің басты басымдықтарымыздың бірі. 2022 жылдан бастап Орталық ғылыми кітапхана заманауи саңерлік құрылғылармен, соның ішінде австралиялық технология негізінде жасалған жоғары жылдамдықты Скан-роботпен жабдықталды. Бұл құрылғы сирек кітаптарды механикалық зақым келтірмей, сапалы түрде сканерлеуге мүмкіндік береді. Цифрланған материалдар арнайы серверде ұзақ мерзімге сақталады.

Реставрация бағыты да назардан тыс қалған жоқ. Сирек қолжазбалар мен көне кітаптарға кәсіби тазалау, парақтарды қалпына келтіру, мұқабаларды жаңарту сияқты кешенді жұмыстар жүргізілуде. Бұл іс-шаралар арнайы бөлімде заманауи құрал-жабдықтармен жүзеге асады.

Сақтау сапасын арттыру үшін температура, ылғалдылық және жарық режимі белгіленген талаптарға сай тұрақты реттеліп отырады. Мұның бәрі құнды мұраларды химиялық және биологиялық зақымданудан қорғауға бағытталған.

Айта кету керек, Ғылым ордасы ғимаратының күрделі жөндеуден өтуіне байланысты Орталық ғылыми кітапхана алдағы уақытта жаңартылған келбетімен қайта ашылмақ. Бұл – оқырмандарға жайлы орта қалыптастырумен қатар, кітапхана қорын заманауи форматта ұсынуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

■ БІЛІКТІЛІК АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ КҮШТЕУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

– Ұлар Оразғалиұлы, елімізде архив, мұражай және кітапхана салалары бойынша кадрларды даярлау мен қайта даярлау ісі қалай жолға қойылған? Бұл бағытта кадр тапшылығы бар ма?

– Архив, мұражай және кітапхана салалары бойынша кадрларды даярлау мен қайта даярлау ісі елімізде біртіндеп жолға қойылып келе жатқанымен, отандық кадр тапшылығын жою – бүгінгі күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі. Атап айтқанда, жоғары білікті реставраторлар, музейтанушылар, архив ісі мамандары және сирек басылымдармен жұмыс істей алатын кітапханашылар жетіспейді.

Кітап қорларын реставрациялау және сирек қорларды сақтау салаларында кадр тапшылығы айрықша сезіледі. Қазіргі таңда бұл бағытта маман дайындайтын арнайы оқу орындары мен кәсіби бағдарланған бағдарламалар жоқ. Бұл – отандық мәдени мұраны сақтау ісіндегі елеулі кедергілердің бірі. Сондықтан музей, кітапхана және архив салаларына қажетті мамандықтарды – реставрация, консервация, құжаттану және мұрағат ісін дамыту аса маңызды.

– Ғылым ордасы жанындағы мұрағат, мұражай мен кітапханалар үшін кәсіби мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселесі қалай шешімін табуда?

– Ғылым ордасы жанындағы мұрағат, мұражай мен кітапхана салаларында қызмет ететін мамандардың кәсіби даярлығы мен біліктілігін арттыру мәселесі біртіндеп шешімін тауып келеді. Бұл бағытта халықаралық ынтымақтастық, тағылымдамалар мен жобалық бастамалар маңызды рөл атқарауда. Мәселен, Қазақстан ғылымының тарихы музейінің меңгерушісі Н.Б. Дуйсембаева 2022-2023 жылдар аралығында «Болашақ» халықаралық стипендиялық бағдарламасы аясында Түркия Республикасының Ыстамбұл

Ғылым ордасы – қазақ ғылымының ғана емес, бүкіл ұлттық мәдениет пен руханияттың алтын қазығы болып қала береді. Оның бай тарихы мен бүгінгі қарқынды дамуы еліміздің ғылыми әлеуетін арттырып, келешек ұрпаққа мол мұра қалдыруға бағытталған маңызды миссияны жалғастыруда. Осылайша, Ғылым ордасы – ғасырлық тарих пен заманауи жаңғырудың тоғысқан тұсы. Ол ұлттың ғылыми жадын сақтап қана қоймай, жаңа буынға бағыт беретін тірекке айналып отыр. Рухани мұра мен іргелі ғылымды ұштастыра отырып, бұл мекеме келешекке бет алған Қазақстанның дамуына берік негіз қалауда. Ғылым ордасының бас директоры Ұлар Мұқажановпен болған бұл сұхбатта атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар, халықаралық серіктестіктер мен болашақ міндеттер жайында кеңінен сөз болды.

ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

/ ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНЫҢ БАС ДИРЕКТОРЫ

ҰЛАР МҰҚАЖАНОВПЕН СҰХБАТ /

қаласында ғылыми тағылымдамадан өтіп, халықаралық тәжірибемен танысып, музей ісі саласындағы заманауи тәсілдерді меңгеріп келді. Бұл – мекеме мамандарының кәсіби дамуына жол ашатын айтарлықтай маңызды қадам.

Сонымен қатар, Ғылым ордасы реставрация саласы бойынша шетелдік жетекші кітапханалармен және ғылыми орталықтармен ынтымақтастық орнату бағытында бірқатар Меморандумдарға қол қойды. Аталған келісімдер аясында реставратор мамандарды шетелде тағылымдамадан өткізу мүмкіндіктері қарастырылып, ғылыми жобаларға қатысу үшін тиісті өтінімдер дайындалуда.

Бұл бастамалар мұрағат, мұражай және кітапхана ісіндегі заманауи талаптарға сай білікті мамандар даярлауға, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және шетелдік озық тәжірибелерді енгізуге жол ашуда.

Алдағы кезеңде мұндай халықаралық бағдарламаларға қатысуды жүйелі түрде жалғастыру және ішкі біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру – кадрлық әлеуетті нығайтудың басты басымдығы болып қала бермек.

– Ғылым ордасы ғимаратының материалдық-техникалық жағдайын жақсарту бағытында қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Соңғы жылдары Ғылым ордасы ғимаратында ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Ең алдымен, ғимараттың сыртқы фасады мен шатыры жаңартылып, ішкі кеңістіктерге жөндеу жүргізілді. Бұл тек эстетикалық емес, сонымен қатар ұзақмерзімді пайдалану мақсатында жасалған қадам болды.

Энергия тиімділігін арттыру бағытында жылу оқшаулау жүйесі жаңартылды, бұл ғимараттың жылу сақтау мүмкіндігін едәуір жақсартты. Цифрлық инфрақұрылым да назардан тыс қалған жоқ – жоғары жылдамдықты интернет орнатылып, заманауи IT-технологиялар енгізілді.

Жалпы алғанда, бұл жұмыстар Ғылым ордасының ғылыми, мәдени және ағартушылық қызметін заманауи деңгейде жүргізуге жол ашып отыр. Бірақ, алдағы уақытта ғимаратты тиімді әрі тұрақты пайдалану үшін қосымша инвестиция мен күтім қажет екені сөзсіз.

– Архив, мұражай және кітапхана қорларын цифрландыру жұмыстары қалай жүргізілуде?

– Қазіргі таңда музей қызметкерлері музейлік жәдігерлерге қатысты ғылыми сипаттамалар, фотоматериалдар мен жазбаларды электронды форматқа сақтауда. Дегенмен, музей қоры әлі арнайы цифрлық дерекқорда толық сақталмайды, сондықтан оны жүйелі түрде цифрландыруға арналған бағдарлама әзірлеу керек. Кітапханада сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбаларды цифрлық форматқа көшіру жұмыстары қарқынды жүруде. Әсіресе, 1940 жылға дейінгі материалдар басымдыққа ие. Жыл сайын шамамен 3 700 дана сирек кітап пен қолжазба цифрлық форматқа айналады. Бұл түпнұсқаларды механикалық зақымданудан қорғап қана қоймай, қашықтан қолжетімділік пен зерттеу мүмкіндігін кеңейтеді. Қазіргі кезде кітапхана қорындағы материалдар «Мега Про» электрондық каталогы арқылы ізделіп, кейбір кітаптардың алғашқы беттері мен мұқабалары онлайн қолжетімді. Бірақ, музей қорына қашықтан қолжетімділік шектеулі, сондықтан зерттеушілер мен оқырмандар көбіне музейге барып танысады. Жалпы, цифрландыру жұмыстары мәдени мұраны сақтау және ғылыми айналымға енгізу үшін өте маңызды әрі алдағы уақытта одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

– Сирек кітаптар мен қолжазбаларды сақтау үшін қандай арнайы жағдайлар жасалған?

– 2023 жылдың ақпанында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен «Ғылым ордасы» базасында Реставрация және консервация орталығы ашылды. Бұл орталықта 64 құрал-жабдық бар және қазіргі таңда 6 маман жұмыс істейді. Орталықта химия-биологиялық зертхана, карантин аймағы, фотофиксация бөлімі, парақ пен қағазды реставрациялау бөлімі және мұқабա шеберханасы сияқты бөлімдер бар. Осылайша, орталық сирек кітаптар мен қолжазбаларды химиялық және механикалық зақымданудан қорғап, олардың сапалы сақталуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми бағдарламалар аясында «Қазақстанның қолжазба мұрасы: реестрлеу, реставрациялау, ғылыми каталогтау, цифрландыру және кешенді кодикологиялық зерттеу» жобасы ұсынылды. Бұл жоба орталық ғылыми кітапхана қорындағы кітаптар мен қолжазбалардың ұлттық реестрін құрып, заманауи сөрелермен қамтамасыз ету, микроклиматты жақсарту және реставрация орталығын 10 қызметкерге есептелген құрал-жабдықпен толықтырып, мамандарды даярлайтын орталыққа айналдыруды көздейді.

Қайта қалпына келтіру (реставрация) жұмыстары елімізде арнайы методикалық нұсқаулықтардың жоқтығына байланысты Ресей, Түркия, Иран сияқты елдердің тәжірибесіне негізделіп жүргізіледі. Реставрация кезең-кезеңімен жүзеге асады: алдымен кітап әктімен қабылданып, фотофиксация жасалады; кейін зерттеу жүргізіліп, шаң-тозаңнан тазарту жұмыстары орындалады; содан соң реставрация паспорты толтырылып, бекітіледі; одан әрі күнделікті реставрация жұмыстары жүргізіледі; аяқталған соң қайта фотофиксация жасалып, құжаттар сақталу орнына қайтарылады.

Реставрация жұмыстарын 6 маман атқарады, оның ішінде 1 маман – таза реставрация саласындағы дипломы бар, 20 жылдық тәжірибесі бар ресейлік маман, 1 маман сертификатталған реставратор, қалған 4 маман ішкі даярлау бағдарламасы бойынша дайындалған. Мамандар тапшылығын жою мақсатында ішкі кадрларды даярлау жұмыстары жалғасауда.

– Алдағы уақытта қандай жаңа жобалар немесе бастамалар жоспарланып отыр?

– Қазір бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында үш жоба, сондай-ақ 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша гранттық қаржыландыруға бір жоба өтінімі дайындалуда. Сол жобалардың ішінде Қазақстандағы археографиялық зерттеулердің тарихи дамуы мен қазіргі жағдайын талдау, Қазақстанның қолжазба мұрасын реестрлеу, реставрациялау, ғылыми каталогтау және цифрландыру жұмыстары бар. Сондай-ақ, палеонтология, зоология, археология және археография қорларын пәнаралық зерттеу жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі түркілердің жылқыға қатысты мәдениетін зерттейтін жоба да бар.

– Ғылымды насихаттаудағы басым бағыттар қандай болады?

– Бұл бағытта бірнеше маңызды шара қарастырылған. Ең алдымен, ғылыми әлеуетті арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, ғылымды танымдық әрі қызықты форматта ұсыну, ұлттық ғылыми мұраны жаңғырту, жаңа технологияларды енгізу маңызды. Ғылым мен қоғам арасындағы диалогты нығайтуға бағытталған іс-шаралар, ғылыми көрмелер мен фестивальдар ұйымдастыру, сондай-ақ ғылыми жетістіктерді кеңінен дәріптеу де негізгі басымдықтардың қатарында. Осы арқылы ғылымның қоғамдағы рөл мен танымалдығын арттыру көзделуде.

– Ашық әңгімеңізге рақмет.

СҰХБАТТЫҢ ТОЛЫҚ НҮСҚАСЫН
ГАЗЕТТІҢ САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗ



Бұл хаттың мұрағаттағы түпнұсқасы мынау (ықшамдалып жарияланып келеді):

«Қазақстан өкіметінің ақсақалы жолдас Қазақбаев Әбдісәметке қазақтың атақты палуаны Мұңайтпасов Қажымұқаннан өтініш

Мен 55 (?) палуандық істеп, талай өлімдерден қалып, тек Америкадан басқа елдердің бәрін араладым. 75 жасқа келдім. Тұрмыс нашарлау... Айналамдағы 10-15-тей қызыл әскерлер семьяларына да көмектесемін.

Маған Шәуілдір ауданының беріп отырған көмегі қанағаттандырмайды, белгілі продукты жоқ. Анда-санда 1-2 пұттап райторг арқылы берген болады. Қаракөл совхозы, Овцевод совхозы, қатар жатқан Шаян ауданы (секретары Шураев) да көмектеседі.

Мен өткен жылда Отан қорғауға 100 мың сом ақша жібердім. Осы марттан бастап Отан қорғау пайдасына 3-4 гектардай жүгері егіп, соны 5 жасар Айдар атты баламмен бірге кетпендеп жатырмын.

Қазақстан өкіметінің 25 жылдық мерекесі құтты болсын.

Менің төбе құрлы атым шықпады.

Мен сайып келгенде, бау-бақшалы, жемісі мол, қалалы жер, тым болмаса көшесінің атын менің атыма қойып тәрбиелер деген оймен Өзбекстанға барғым келеді. Сондықтан, маған Қазақ-станнан Өзбекстанға өтуге рұқсат етіңіз деп өтініш хат жазған Қажымұқан.

26.VI.45 ж.».

Бұдан басқа жаһанторда Қажымұқан-ның тағы бір хаты жүр. Қажымұқан 1947 жылы 10 қаңтарда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы Әбдісәмет Қазақбаевқа және Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұртас Оңдасыновқа жазған бұл хаттың мәтіні мынадай:

«...Менің қазіргі жағдайым болса нашар. Түзу көздергізбен маған қарама-шығындар. Ішерге тамағын, не киерге киімім жоқ. Жасым жетпістің алтауынан жетеуіне шыққан уақытымда осындай жағдайға кездестім. Қызметке жарайтын адамым жоқ. 2-3 жас балаларым бар. Арыс ауданындағы Темірлан селсоветіне, «Ленин туы» колхозына 1946 жылдың 1 маусым күні көшіп келіп едім. Арыс ауданының көрсетіп отырған жәрдемі жоқ.

Басымда үйім жоқ. Үй алып береміз дегендей еді, салып берген үйі жоқ. Бір малханада отырмын. Сізден өлжі жоғарыда айтылғандармен қоса көбінесе сұрайтыным, бір Қажымұқан жайы деген жай салдырып беруіңізді сұранамын. Және 75 жасқа толған мерекемді көрсетіңіз (өткізіңіз).

Сауымға, сүтін ішуге 1-2 бұзаулы сиыр, бір құлынды бие болса.


Басқа айтар сөзім жоқ. Әрі менен сәлем. Айтқан 500 сом айлығыңызды бермей қойдыңыз. Хабарыңызды күтемін. Қайыр қош деп арыз етуші Қажымұқан.

10 қаңтар, 1947 ж.».

Қазақша жазылған бұл хаттар өкіметтің жұмыс тілі – орысшаға аударылған. Осы хаттарға сүйеніп, «Қажымұқан қартайған шағында ашқұрсақ байғұстың күнін кешті» деген дақпыртқа Қазақстан Орталық мемлекеттік мұрағатының бұрынғы директоры Марат Хасанаевтың 2000 жылғы 21 қарашада «Казакстанская правда» газетінде жарияланған «Одиссея забытого кумира» («Ұмытылған тұлғаның тауқыметі») деген мақаласы түрткі болған. Мұрағаттың басында отырған ол осы Қажымұқан хаттарының қазақша түпнұсқаларына емес, орысша аудармаларына сүйенген. Бұдан басқа, Қажекеңнің туғанына 130 жылдығына арналып 2001 жылы шыққан «Қажымұқан қағанаты» жинағына Қыстаубай Байтұовтың Марат Хасанаевтың әлгі мақаласы негізінде жазылған осы мазмұндас мақаласы еніп кетті. Осындай қауесетті қатты өрбіткен жарияланымдардың бірі – Майя Бекбаеваның «Тайны и судьбы великих казахов. Хаджимукан Мунайтпасов» («Ұлы қазақтардың сыры мен тағдыры. Қажымұқан Мұңайтпасов») деген орысша деректі фильмі. Мая Бекбаева кейінгі уақытта қазақтың айтулы тұлғалары туралы құрастырған осындай дүмбілес дүниелерінен гөрі ана бір кезде Елбасына «Сіз менің жүрегімді жаулап алдыңыз» деп ынтықтығын мәлімдеуімен елдің есінде қалған болар-ау.

Аталған қауесетті нақты құжаттар деректерімен, Қажекеңнің көзін көрген, араласқан адамдардың естеліктерімен дәлелдеп, беркеге шығарып жүрген зерттеушілер де аз емес. Бірақ, ақиқаттан гөрі аңызға сенуге бейім жұртшылық әрі-сәрі. Бұл жәйтке әр кездері Қажымұқан өміріне ден қойған қаламгерлер, ғалымдар Серік Байхонов, Бекжан Бейсенбай, Әлімкүл Бүркітбаев, Ермек Жұмахметұлы, Бақтияр Тайжан, Мұратхан Тәнекеев, Ғазібек Тәшімбетов, т.б. мән беріп, мәселенің жай-жапсарын анықтауға тырысқан. Біз мақаламызда мұрағат құжаттарымен қатар осы зерттеушілердің еңбектеріне де сүйенеміз.

Бұл орайда отырарлық қаламгер, тиянақты қажымұқантанушы Бекжан Бейсенбайдың айлап мұрағатта отырып, ақиқатты құжаттар негізінде ашуда атқарып жүрген қызметі, жаламен күресі атап айтуға тұрарлық. «Қажымұқан ашықты» деген тұжырымның өрескел қате екендігін дәлелдеген мақалаларын жариялап келеді. Ол Майя Бекбаеваның фильмі туралы: «Фильмсымақта көзді бақырайтып қойып, ашықтан-ашық Қажымұқанды қорлайды. Деректері тіпті жалған» деп қатты сын айтты. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне (қазіргі Мәдениет және ақпарат министрлігі) қайта-қайта жүгініп, талқыға салуға, фильмді әлеуметтік желіден алып тастауды міндеттеуге қол жеткізе алған. Бірақ, желсөз тиялар емес, Майя Бекбаеваның фильмі енді «Как умирал Казымукан? Триумф и трагедия легендарного борца» («Қажымұқан қалай өлді? Әйгілі палуанның даңқы мен қасіреті») деген сияқты басқа атаулармен әлеуметтік желіде әлі жүр... Ал, осы фильмде



■ Әлемге әйгілі палуанның азғантай өтінішіне байланысты еліміздің қазақ басшылары Ә. Қазақбаев пен Н. Оңдасыновтың қолға алуымен орындалатын шаралар кешені жедел қарастырылғанымен оған келісім беруге бірінші хатшы Г.А. Борков ықылас таныта қоймайды.

көзделеді:

1) Қажымұқанды Қазақ КСР халық артисі атағына ұсыну;
2) Қажымұқанға 500 сом көлемінде өмір бойғы дербес зейнетақы тағайындау;
3) Қажымұқанға біржолғы ақшалай көмек беру;
4) Үй-ішілік тұрмысын жақсарту үшін Қажымұқанға біржолғы өнеркәсіп заттарын бөлу;
5) Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетіне Қажымұқан тұрып жатқан колхозда ол үшін үй салып беруді ұсыну;
6) Халық ағарту комиссариаты мен Шәуілдір аудандық атқару комитетіне Қажымұқанның ұлы оқу жасына жеткесін оны интернатқа орналастыруды ұсыну;

7) Қазақстан Жазушылар одағы мен КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл және әдебиет институтына Қажымұқанның өмірі мен қызметі туралы кітап жазуды тапсыру;

8) Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы Дене тәрбиесі және спорт істері жөніндегі комитетіне Қажымұқанды халықтық-ұлттық спорт түрлерінен өтетін республикалық барлық жарысқа құрметті қазы ретінде шақырып отыруды міндеттеу;

9) Қазақ КСР-інің құрылғанына 25 жыл толуына орай Қажымұқанды Үкімет марапатына ұсыну.

Қажымұқанның еңбек кітапшасының болмауы оған зейнетақы тағайындауға заңдық тұрғыдан кедергі еді. Басшылар ақылдаса келе Қажымұқанға Қазақ КСР халық артисі атағын беру арқылы тұрақты зейнетақы тағайындау амалын табады. Сөйтіп, мынадай құжаттар әзірленеді:

1. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының көрнекті қазақ палуаны, әлемнің абсолютті чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасовқа Қазақ КСР халық артисі атағын беру туралы Жарлығы;

2. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің көрнекті қазақ палуаны, әлемнің абсолютті чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасовқа дербес зейнетақы тағайындау туралы Қаулысы;

3. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің көрнекті қазақ палуаны, әлемнің абсолютті чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасовқа Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қорынан 10 мың сом көлемінде көмек ақша берілісін.

2. Қазақ КСР Сауда істері жөніндегі халық комиссариатына (Сапарғалиев жолдас) осы жылдың қазан айында палуан Қажымұқан Мұңайтпасовқа 10 метр қой жүнінен тоқылған мата, 20 метр мәуіті мен 125 метр мақтадан тоқылған түрлі маталарды сату міндеттелсін.

Үкіметтің аталған соңғы Қаулысында былай делінген:

Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақ палуаны Қажымұқан Мұңайтпасовқа Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қорынан 10 мың сом көлемінде көмек ақша берілісін.

2. Қазақ КСР Сауда істері жөніндегі халық комиссариатына (Сапарғалиев жолдас) осы жылдың қазан айында палуан Қажымұқан Мұңайтпасовқа 10 метр қой жүнінен тоқылған мата, 20 метр мәуіті мен 125 метр мақтадан тоқылған түрлі маталарды сату міндеттелсін.



жылдың 3 наурызында Үкімет төрағасының ұсынысын Үкімет қаулысының соңғы жобасын 12 наурызға дейін дайындауға тапсырма берумен қайтарады. Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Ресейдің Хабаров өлкелік комитетін басқарып жүрген жерінен Қазақстанға ауыстырылып, 1945 жылы 13 шілдеде Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған, бұрын Қазақстанда тұрмаған, қызмет атқармаған Г.А. Борковқа Қажымұқан белгісіз адам еді. Қажекеңнің кезінде Ресей командасы сапында талай күреске қатысып, әлем чемпионы болғаны, Ұлы Отан соғысы кезінде қарт палуан ел ішінде цирк өнерін көрсетіп, 100 мың сом қаража жинағаны, оған ұшақ жасалғаны, КСРО басшысы И. В. Сталиннен сол үшін алғыс алғаны, КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1945 жылғы 16 қарашадағы Жарлығымен Қажымұқан «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталғаны туралы маңызды деген мәліметтерді селқос қабылдайды. Ресейдің даңқын шығарған палуандар көп болған, ал соғыс қорына бүкіл халық қаражат жинаған деген сынайда ынғай бермейді, ұсыныстарын толық өткізе алмаған қазақ басшыларының меселі қайтады, іші қазандай қайнайды...

■ ҚАЗАҚ БАСШЫЛАРЫ БОРКОВТЫҢ ҚАРСЫЛЫҒЫН ҚАЛАЙ АЙНАЛЫП ӨТТІ?

Қазақстандағы қызметі бір жылға да жетпей бірінші хатшы Г.А. Борков 1946 жылғы 22 маусымда Мәскеуге қызмет ауыстырады да, Қазақстан Коммунистік (Большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып осыған дейін екінші хатшы қызметін атқарған Жұмабай Шаяхметов сайланады. Республика бірінші басшыларының үшеуі де қазақ болуы талай ұлттық мүдде мәселесінің, соның ішінде Қажымұқанға қатысты да ойластырылған шаралардың жүзеге асуына жол ашады. Қазір әсіресе Ж. Шаяхметовтің басқару кезеңіне қатысты түрлі сындар баршылық, бірақ сол кезеңдегі басшылардың қайсысы болса да, ұлттық мүддеде ұтылмауға қолдарынан келгенше тырысып баққандары анық.

Үкіметтің тапсырмасы бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы Сәлкен Дәуленов Қажымұқанға «Шымкентке көшіп келіңіз, үй салып береміз» деген ұсыныс айтады. Бірақ, палуан «Қалада тұра алмаймын, ауасы жақпайды» деп бас тартады. Басшылар Қажымұқанмен ақылдаса келе Қажекеңді облыс орталығына жақын Темірланға көшіріп, осында үй салып беруге келіседі. Осы уәде бойынша Қажымұқан отбасымен 1946 жылдың жазында Темірлан маңындағы Нұралы бұлағының басына көшіп келіп жайғасады. Үй құрылысы 1946 жылы басталып, Қажымұқан отбасымен осы жаңа үйге кіреді, өмірінің соңғы екі жылдай кезеңін осы үйде өткізеді. Қажымұқан қайтыс болғаннан кейін де бұл үйде ұрпақтары 58 жыл тұрған. Тек 2006 жылғы су тасқыны кезінде үйге зақым келгендіктен ол үй бұзылып, орнына жаңа үлкен жай салынған.

Н. Оңдасынов КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл және әдебиет институтына Қажымұқанның өмірі мен қызметі туралы кітап жазуды тапсырады. Өйткені, алып палуанның ел аузындағы аңыздан басқа жүйелі жазылған өмірбаяны жоқ екені осы шараларды ойластыру кезінде белгілі болады. Академия филиалының басшысы Қаныш Сәтбаев бұл істі тындыруды Ғабит Мүсіреповке, ал ол Әуелбек Қоңыратбаевқа аманаттайды. Сол кезде академияның Тіл және әдебиет институты қолжазбалар бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымының кандидаты (кейін доктор) Әуелбек Қоңыратбаев Қажекеңнің өмірбаянын жазудан басқа тағы бір астыртын тапсырманы орындау үшін екі жұмысты бір жұмыс етіп палуанды іздеп Шәуілдірге, Шілікке барады. 1946 жылдың 15-25 мамырында он күн Қажекеңнің қасында болып, емен-жарқын әңгімелескені, даңқты тұлғаға ел-жұрттың қошеметі, оның тұрмыс жағдайы, серілігі ғалымның «Баһадүр палуан» естелігінде жан-жақты жақсы баяндаған, ол естелік Әуелбек Қоңыратбаевтың көп томдық жинағына енген.

1951 жылы Қалмақан Әбдіқадыровтың әйгілі «Қажымұқан» повесі жарияланады. Қажымұқан 1941 жылдың көктемінде Алматыға Қалмақан інісін арнайы іздеп барып, үйінде 23 күн жатып өмірбаянын айтып берген еді. Алайда, соғыс басталып кетпей де, Қалмақан өзі сұранып майданға аттанады, палуан ағасы туралы кітап жазылмай қалады. Соғыстан аман оралған жазушы осы кітабын жазуға отырады. Бұл шығарма ұлт мақтанышы палуан өмірін білгісі келген оқырмандар үшін тартымдылығы сондай, осы күнге дейін талай мәрте қайта басылып келеді, біраз тілге аударылды. Солардың ішінде «Қажымұқанның» қырғыз тіліндегі басылымы қырғыздың белгілі қаламгері Қымбатбек Укаевтың аударуында 1986 жылы жазушы Қалмақан мен кейіпкер Қажымұқанды туысқан халыққа таныстырған менің алғысөз мақаламмен Бішкекте (ол кезде қала атауы Фрунзе) жарияланып еді.

Қажекеңе қамқорлық жөнінде көзделген шаралардың ішінде палуанға зейнетақы тағайындауға негіз болатын Қазақ КСР халық артисі құрметті атағы Г.А. Борковтың қарсы болуымен берілмей қалады. «Бірінші хатшы қарсы болды екен» деп қазақ басшылар қарап қалмайды. Қажымұқанға тұрақты зейнетақы тағайындау ісін шешу үшін енді Н. Оңдасынов пен Ә. Қазақбаев ақылдаса келе халықтың ұсынысымен, қолдауымен шешуді жөн деп табады. Сол үшін олар Қажымұқан тұрып жатқан Шәуілдір ауданының Шілік ауылдық кеңесі мен «Ақтөбе» колхозынан бастап төменнен жоғары қарай ұсыныс түсірту амалына кіріседі.

Республика басшыларының осы құпия тапсырмасын жеткізген Әуелбек Қоңыратбаевтың ұйымдастыруымен Шәуілдір

ЗАҢСЫЗДЫҚТАН ЗАРДАП ШЕККЕН ЗАҢГЕР

**«БІР ОҚТЫҚ ӨМІР ҚАС ҚАҒЫМДА
МӘҢГІЛІК ӨМІРГЕ АЙНАЛЫП ЖҮРЕ БЕРДІ», –
ДЕП АЯҚТАПТЫ БЕЛГІЛІ ЖАЗУШЫ
ҚАЙСАР ӘЛІМ «АТЫЛУЫН КҮТКЕН 6 КҮН»
АТТЫ СЕЙДӘЗІМ КӘДІРБАЕВ ТУРАЛЫ
РОМАНЫН. ШЫНЫНА КЕЛГЕНДЕ, ЕЛ ІШІНДЕ
ОНЫҢ АТЫ–ЖӨНІНІҢ ҚҰРДЫМҒА КЕТКЕНІНЕ БІР
ҒАСЫРҒА ЖАҚЫНДАП ҚАЛҒАН БОЛАТЫН.
ТЕК САРЫҚОПА БОЙЫНДАҒЫ АҒАЙЫН–ТУЫСТАРЫ
ҒАНА КҮБІР–КҮБІР ӘҢГІМЕ АРАСЫНДА
ЕСТЕРІНЕ АЛЫП, ІШТЕН ТЫНАТЫН. ӨЗІМ СОЛ
ӘҢГІМЕЛЕРДІ БАЛА КЕЗІМНЕН ЕСТІП ӨСТІМ.**



КОЛПАЖ: АЙНУР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ

Тіпті, алпысыншы жылдардағы «жылы-мық» аталған кезеңде де, одан кейінгі алашшыларды жаппай ақтау тұсында да ол кісі жөнінде бір көңілге медет болар жылы сөз айтылмады.

Солай жыл соңынан жылдар өтіп жатқанда мені тағдырым Гүлнар апай Дулатоваға жолықтырып, сең бұзылды. Апаймен мені оқушы кезімдегі ұстазым Сейітбек Нұрханов ағай таныстырды. Ол кезде апай өз әкесі мен басқа Алаш қайраткерлері туралы естелік кітабын бітіріп, жариялаудың амалын ойластырып жүр екен. Бірер күн өткен соң Гүлнар апайды Ұлттық ғылым академиясының президенті К.Ә. Сағадиевке жолықтырып, ол кісінің естелігін «Ғылым» баспасынан шығаруға келістік.

Осы кезден бастап Кенжекең мен менің жаңұяларымыз апаймен тығыз араласып кеттік. Өзім бір реті келгенде ол кісіге Сейдәзім Кәдірбаев туралы ештеңе жазылмағанын, оның орнын толтырып, ойыңызда қалғанын мақалаға айналдырсаңыз жақсы болар еді деп едім, апай: «Сәбитжан-ау, мен сенің ол кісімен жақындығыңды жаңа ғана өзіңнен естіп отырмын. Қандай кісі еді. Өзім Балғожадан (Байқозыдан – С.Б.) туған Әлімбай мен Кәдірбайдың ұрпақтарын білетін едім. Сенің Сейдәзімге жақындығың қандай?», – деді.

Мен: «Өзіңіз айтып отырған екі кісімен бірге туған Бозанның шөбересімін» дегенімде, апай: «Дұрыс айттың, есімде бардың бәрін жазып берейін, ал шығаруға «Жұлдыздағы» Мұхтарға апар, өзім де хабарласармын», – деді.

Осы келісіміміз тез орындалып, 1999 жылы Гүлнар апайдың мақаласы «Жұлдызда» жарық көрді.

Одан Сейдәзім бабамның Алаш арыстарымен үзенгілес, аралас-құралас, ал Міржақып Дулатовтың жаңуясымен екі үйдің біріндегі болған, өмір бойы бірге жүрген кісі екенін оқып, білдім.

Апайдың өз қолынан шыққан осы мақаласының түпнұсқасы, өзіме жазған бірнеше хаттарымен бірге үйімде сақтаулы тұр. Биыл оны көпшілік көріп-біле берсін деген ниетпен «Өмір: сыры, сыны мен сыйы» деген естелік кітабыма да кіргізіп жібердім.

Бұдан кейінгі ұзақ үңсіздікті бұзған осы Қайсар Әлім болды. Ол біраз ізденіс жасап, Сейдәзім Кәдірбаевтің алдымен Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің, кейінірек Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республикасы үкіметінің заң саласының ірі қызметкері болғанын анықтап, «Нарком наркескені» деген мәнді мақала жариялады.

Одан соң бұл кісі туралы үзік-үзік материалдарды Тұрсын Жұртбайдың «Боль моя, гордасть моя – Алаш» кітаптарынан оқыдым. Онда ол: «В истории Алаш-Орды одна из корневых, основательных личностей – это Сейдазим Кадырбаев. Более того, имеются косвенные сведения, что он то и руководил некоторыми сложными акциями. Слова его абсолютно точны и не дают никакой зацепки следователям. ...Его переводные работы по законодательству и по разработке казахской терминологии в области юриспруденции используются до сих пор», – деп жоғары баға беріпті.

Т. Жұртбай осы жұмысында Башқұртстанның белгілі қайраткері Заки Валидидің «В работе нашего курултая в качестве наблюдателей участвовали Саид Газим (Сейдәзім – С.Б.) Кадырбаев и Мустафа Шокай», – деген сөзін келтіреді.

Кітабының тағы бір жерінде ол «На военном совете, где обсуждалась общая ситуация... от имени Алаш-Орды присутствовал Сейдазим Кадырбаев», – деп көрсетіліпті. Бұл Колчактың өзін Ресей үкіметінің басшысымын деген хабарды жария етіп, оны АҚШ, Англия, Франция мен Жапония мошындаған, әрі оның жаңа ғана құрыла бастаған автономияларға барлық қахарын

төге бастаған кез екен. Соның соңы не болатынын анық сезіп, оны Алашорда үкіметіне қысқа сөздермен жеткізіп, телеграмманың соңына «Жамырағанов» деп қол қойған осы Сейдәзім Кәдірбаев еді деген қауесет те бар. Бұны мен екі рет сотталып, репрессияның азабын он алты жыл бойы көрген, бір көзінен айырылып оралған, өзім көп араласқан, әрі аса жоғары бағалаған Таутан (Ғалымжан) Арыстанбеков атамнан естіген едім.

Сейдәзім Кәдірбаев туралы тағы бір мәліметті жақында ғана «Жұлдызда» басылған Ғалым Ахметовтың «Ер басына күн туса» деген мақаласынан оқыдым. Онда бұл кісі Қазақ автономиялық республикасының алғашқы халкомдарының бірі Әліасқар Әлібеков (осы күнгіше министр) «өте білімді, мамандығы су инженері. Жастарды тәрбиелеу жұмысына қатты көңіл бөлуші еді. Орынборда қазақ оқушылары сол кездегі пьесаларды сахнаға ойнағанда үлкен басын кіші етіп, репетицияларды өзі режиссер болып басқарып жүріп еді. Бір жолы сахнада сот құрылатын бір көрініске ескі юрист Сейғазым (Сейдәзім – С.Б.) Кадырбаев деген кісіні шақырып әкеліп, сотта судья өзін қалай ұстауы керек екенін үйреткені есімде.

Кейін бұл кісі де Голощекинмен сыйыса алмай шетке кетіп, Тәшкенттегі мақта ирригация институтының директоры болып жүрген кезінде нақақ айыпқа төзе алмай, үйінде асылып өліпті. Оны жерлеуге қатынасқан оншақты студенттерді де «халық жауын жерлеуге барды» деп ұстап, соттап жіберіпті», – депті.

Ғалым Ахметов осы мақаласында өзі көзімен көріп, куә болған оқиғаларды былай жалғастырыпты: «Голощекин тұсында астанада қызметкерлер қазақ туралы айтқанда «бұратаналар» (түземцы) деп сөйлеуші еді. Мирзоян келгеннен кейін бір партактив жиналысында: «Республиканың негізгі халқын «бұратаналар» деулерің ұят», – деп, бұл сөзді қойғызды.

Қазақтың көзі ашық, оқыған азаматтары жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінен ұстала бастаған еді... Мұндай жұмыс... алдымен «Алаш» партиясында болды деген желеумен (оның үстіне сол адамдармен басараздығы, не күншілдігі бар) немесе бастықтың алдында оп-оңай жақсы атты болғылары келген мансапқорлардың көмегімен А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Германияда оқып жүрген Ғ. Бірімжанов, Д. Битілеуов (онда 7-8 жас оқыған еді, басқаларының аттарын ұмытып қалыппын) және басқалары қамауға алынды... Сол жылдары белсенділік көрсетіп, ақ адамдарға өтірік жала жапқан, тыңшылық етіп, өтірік айыптау мәліметтерін жинаған адамдар қызмет жағынан жоғарылады. Олар сол істеген жұмыстарын «Біз халық жауларын әшкереледік» деп мақтан етіп жүрді. Сондайлардың бірі 1950 жылы Орталық партия комитеті бюросында өзін ақтау үшін беті былш етпей: «Мен жүз отыз жеті халық жауын әшкерелеген адаммын» дегенінде жүрегім мұздай болып кетті. Өйткені, ол адаммен баспада біраз жыл қызметтес болған едім».

Осындай жағдайға душар болған алаштың талай қайраткерлері мәңгі ұмытулуға аз-ақ қалды. Мысалы, мен туып-өскен кішкентай ғана ауылдың өзінен 5-6 адам саяси баппен айыпталып, атылып не айдалып кеткен. Олардың белгілісі біреу-ақ. Ол – Міржақып Дулатов. Қалған Сейдәзім Кәдірбаев, Әлмағамбет Қасымов, Асқар Дулатов, Бәйеке Жұмабаев секілді кісілерді республика жұртшылығы түгіл, сол ауылдың кейінгі ұрпағы да жақсы білмейді.

Бұл бағыттағы Гүлнар апай бастап, А. Нұрпейісов, М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, Д. Қамзабекұлы, С. Аққұлұлы, т.б. жалғастырған сауапты іске бір топ жас тарихшылар (Елдос Тоқтарбай, Заңғар Кәрімхан, Ұшқын Сәйдіррахманұлы, Әлібек Байбол, Ерден Нұрахмет, Данияр Исхан) жаңа екіпін

берді. Олар аз уақыттың ішінде бірқатар Алаш қайраткерлері (Біләл Сүлейұлы, Біләл Малдыбайұлы, Абдолла Байтасұлы, Барлыбек Сырттанұлы, Сейітбаттал Мұстафаұлы, Ғазымбек Бірімжанұлы, т.б.) туралы танымдық кітаптар шығарды. Сейдәзім Кәдірбаевтың да өмірі мен қызметін қолға алып, үлкен шаралар ұйымдастырды.

Қостанайда А. Байтұрсынұлы атындағы университетте үлкен конференция өткізді. Оның еңбектерін екі кітап етіп, бірінен соң бірін жарыққа шығарды.

Бұл конференцияға арнайы барған-дардың ішінде Қайсар Әлім де болып, сөз сөйледі. Сол жолы оның «Нарком наркескенімен» тоқтап қалмай, үлкен зерттеуге кіріскенін сезгендей болып едім, қателеспеппін. Ол осы тақырып шеңберінде жүргізген ізденістерін романға ұластырыпты. Мұрағаттық мәліметтердің аздығына қарамай, ертелі-кеш там-тұмдап жинаған материалдарын толымды кітапқа айналдырыпты.

Бұл шығарманың құрылымы ерекше. Онда бөлімдер жоқ. Алашшыл азаматтың адами, қайраткерлік, шығармашылық болмысын өлім алдындағы алты күнге сыйғызыпты. Оның бәрін бұл жерде қайталау қажет емес. Тек Сейдәзімнің Міржақыппен Ыбырай мектебінде бірге оқып, қатар өскеніне, Орынбордағы қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебін жақсы бітіріп, сол қаланың оқруттік сотына аудармашылықтан бастаған қызметін кәсіби деңгейде меңгеріп, Патшалық Ресейдің ғана емес, Кеңестік үкіметтің жоғарғы заң органдарында да ұзақ жылдар Заң шығару және бақылау бөлімін басқарып, сәйкесті Халық комиссариатының коллегия мүшесі қызметін абыройлы атқарғанына, сонда жүріп, Ресей кеңестік социалистік федерациясының заңдарын Қазақстан жағдайында пайдалануға жарамды ете отырып аударғанына, оларды мыңдаған тиражбен күнделікті айналымға кіргізіп, сот ісін қазақ тілінде жүргізуге жол ашқанына көпшіліктің көңілін аударсақ жеткілікті болар деп ойлаймын.

Осылай дей тұрғанмен, Сейдәзім Кәдірбаевтің трагедиясы басқа. Ол мықты заңгер. Бірақ, заңсыздықтың ылаңынан құтыла алмаған заңгер. Ол өзі құрған заңмен алты жылға сотталып, айыбын өтеген. Одан кейін қайта кінәланып, заңсыз атылған.

Осынша азап көрген, атуға кесілген кісінің түрмедегі көңіл-күйін, оның ішіндегі әр дыбыстың жан түршіктіріп, зәрені алатынын былай қойғанның өзінде, үкімнің орындалуын күткен әр сәт үлкен үрейден басқа жан иесінің көз алдына өмір өткелдерін оралтатынын автор барынша нанымды суреттеген.

Кітапқа аздаған ағаттықтар да жоқ емес. Олар негізінен Сейдәзім мен Міржақып Торғайға оқуға барған кезеңді баяндаудың дәлсіздігі мен романның бөлімсіз болғандықтан ауыр оқылатынына байланысты дер едік.

Соған қарамай, бұл кітапты Сейдәзім Кәдірбаевтің тағдырына арналған алғашқы тұтас шығарма дей аламыз. Оның жоғарыда келтірілген жеке мақалалар мен конференция материалдары мен Сейдәзімнің өз шығармаларының жинақтарымен бірге Алаш ардақтысының ел ішінде таныла түсуіне қызмет ететіні сөзсіз.

Сәбит БАЙЗАҚҰЛЫ,

ҚР ҰҒА академигі.

ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚАЛАЙ ЕНГІЗЕДІ?



Екінші кезеңде біз білім алушыларға кәсіпкерлік дағдыларды, бағдарламалау және машиналық оқыту негіздерін үйретуді жоспарланып отыр.

Жасанды интеллект және виртуалды шындық зертханасының негізінде білім алушылар ЖИ технологияларын қолдана

отырып, бес бағдарламалық қосымшаны әзірлейді: Олар әртүрлі тапсырмаларды орындай алатын дауыстық көмекші, білім алушыларға эдвайзерлік және кураторлық көмек көрсетуге мүмкіндік беретін ЖИ агенті, талапкерлер мен білім алушыларға арналған чат-бот, анимациялық және бейне

контент, бейне ойын әзірлеушісі. Соңғы кезең ЖИ саласындағы стартаптарды дамытуға және іске қосуға бағытталған студенттік командаларды құру. Бұл технологиялық кәсіпкерлікті, инновацияларды дамыту және жасанды интеллект арқылы аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал болмақ.

Біз технологиялық өзгерістер дәуірінің табалдырығында тұрмыз. Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналууда. Соған байланысты І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қызметіне жасанды интеллект технологияларын енгізеді.

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

ЖИ оқытушыны алмастырмайды, тек оның рөлін күшейтеді. Ол оқытушыны білім тасымалдаушысы ғана емес, білім беру процесіндегі модератор, тәлімгер, стратег ретінде көрсетеді. Осы орайда, ЖИ тек технологияны қолдану ғана емес, ең алдымен жаңа мәдениетті меңгеру – инновацияға ашықтық, үздіксіз үйренуге дайын болуды талап ететін жаңа мәдениет екенін түсіну маңызды. Біздің басты мақсатымыз – жасанды интеллектті қолдану ғана емес, ЖИ білім беру үдерісінің әрбір қатысушысымен одақтасқан экожүйе құру.

Бұл бағытта университет маңызды қадамдар жасауда. Атап айтсақ, университет базасында жасанды интеллект және Виртуалды шындық зертханасы, Физика-математика факультетінде ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасы құрылды.

Университеттің негізгі процестерін цифрландыруға, автоматтандыруға және оңтайландыруға бағытталған LMS жүйесі – «Smart Жетісу» цифрлық платформасы жұмыс істейді. «Huawei» компаниясымен жасасқан ынтымақтастық аясында университет базасында заманауи техникалармен жабдықталған Huawei академиясы ашылды.

2024-2025 оқу жылында жүзеге асырылатын барлық бакалавриат бағдарламаларына «Жасанды интеллект негіздері» пәні, магистратура мен докторантураға арналған білім беру бағдарламаларына «Жасанды интеллектпен оқытудың заманауи тәсілдері», «Басқарудағы сандық технологиялар», «Бизнес зерттеулеріндегі жасанды интеллект және деректерді талдау», «Жасанды интеллект және зияткерлік меншік», «Жасанды интеллекттің экономикалық үдерістерге әсері» сияқты пәндер мен модульдер енгізілді.

Университетішілік «Jas Galym-2025» байқауында жас ғалымдар «Кіріктірілген жасанды интеллект бар дауыстық көмекші әзірлеу» тақырыбындағы жобасымен же-

ңіске жетіп, 2 000 000 теңге көлеміндегі қаржыландыруға ие болды. Стартап жобалар байқауында студенттер «жасанды интеллект көмегімен мультипликациялық фильмдер жасау» атты әзірлеме ұсынды. Университет оқытушысы Райгүл Желдібаева «Жас Ғалым» байқауында «Тілдік емес мамандық білім алушыларының академиялық ағылшын тілін меңгерудегі көмекшісі ретінде жасанды интеллект: рандомизацияланған сынақ» тақырыбындағы жобасымен жеңімпаз атанды.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің AI-Sana флагмандық жобасының бастамасын жүзеге асыру барысында «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» KEAQ ресми түрде экірлік университет болып танылды. Жоба жасанды интеллектті дамытуға және елдегі цифрлық экономиканы қалыптастыруға бағытталған.

AI-Sana жобасына қатысу – университеттің ғылыми әлеуетін арттырып қана қоймай, Жетісу өңірінің тұрғындарына алдыңғы қатарлы цифрлық дағдыларды игеруге мүмкіндік ашады. Бұл жергілікті кадрлардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып, өңірдің дамуына ықпал етеді.

AI-Sana бағдарламасы аясында мыңдаған студент пен жас кәсіпкер ЖИ-дің қырсырын меңгеріп, оны өз кәсібінде қолдануға мүмкіндік алады.

Болашақта ЖИ-мен жұмыс істеу – бағдарламашылардың ғана ісі емес, ол экономистер, заңгерлер, агрономдар, дәрігерлер, басқа да мамандар үшін де пайдалы құралға айналмақ. Әлемнің жетекші сарапшыларының қатысуымен әзірленген бағдарламаны озық білім беру бастамасы деп айта аламыз. Жетісу университеті осы жобаға қосылу арқылы жасанды интеллекттің терең меңгерген сапалы маман даярлауға күш саламыз.

Жоба үш кезең бойынша жүзеге асырылуда. Бірінші дайындық кезеңінде 5 400 университет студенті Huawei платформасын пайдаланып жасанды интеллект саласындағы негізгі дағдылар бойынша оқуды сәтті аяқтады.



/ **Соңы.** Басы 08-бетте /

ҚАЖЫМҰҚАН: ДАҢҚ ПЕН ДАҚПЫРТ



«Қажекеңе қамқорлық жөнінде көзделген шаралардың ішінде палуанға зейнетақы тағайындауға негіз болатын Қазақ КСР халық артисі құрметті ата-ғы Г.А. Борковтың қарсы болуымен берілмей қалады. «Бірінші хатшы қарсы болды екен» деп қазақ басшылар қарап қалмайды. Қажымұқанға тұрақты зейнетақы тағайындау ісін шешу үшін енді Н. Оңдасынов пен Ә. Қазақбаев ақылдаса келе халықтың ұсынысымен, қолдауымен шешуді жөн деп табады. Сол үшін олар Қажымұқан тұрып жатқан Шәуілдір ауданының Шілік ауылдық кеңесі мен «Ақтөбе» колхозынан бастап төменнен жоғары қарай ұсыныс түсірту амалына кіріседі. Республика басшыларының осы құпия тапсырмасын жеткізген Әуелбек Қоңыратбаевтың ұйымдастыруымен Шәуілдір аудандық атқару комитетінің төрағасы Шегебай Жұмабаевтың атына Шілік ауылдық кеңесінің төрағасы Төле Талдыбаев пен «Ақтөбе» колхозының төрағасы Ма-хан Мыңбаев қол қойған ұсыныс 1946 жылы 19 мамырда жазылады...»

аудандық атқару комитетінің төрағасы Шегебай Жұмабаевтың атына Шілік ауылдық кеңесінің төрағасы Төле Талдыбаев пен «Ақтөбе» колхозының төрағасы Махан Мыңбаев қол қойған ұсыныс 1946 жылы 19 мамырда жазылады. Осы төменнен тікелей халық арасынан шыққан бастама негізінде Шәуілдір аудандық атқару комитеті мен аудандық партия комитетінің бірлескен шешімі шығады. Ауданның ұсынысына Қажекеңді іздеп, ел ішіне келгендегі тапсырмасының астарында осы шаруаны да жедел ұйымдастыру жатқан Әуелбек Қоңыратбаев та КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының өкілі ретінде қол қояды. Қажымұқанға ай сайын 500 сом өмірлік зейнетақы, ал балаларына мектеп бітірген-ше ай сайын 200 сом жәрдемақы тағайындауға арналған ұсыныс Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Хабир Пазиковке, облыстық атқару комитетінің төрағасы Сәлкен Дәуленовке жолданады. Бұған облыстың спорт комитеті мен жазушылар ұйымы да үн қосады. Осылай жымдастырылған бұл ұсыныстар енді об-лыс атынан жылдам 1946 жылы 3 маусымда Алматыға Үкіметке – Н. Оңдасыновқа жетеді. Бұл кезде әлі Қазақстанда партиялық басшы Г. А. Борковтың қарсылығын қазақ басшылар осылай айналып өту амалын тауып еді.

Осы құжаттар негізінде Қазақ КСР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің еңбек зейнетақысын тағайындау комиссиясы Қажымұқанға 1946 жылғы 1 шілдеден өмір бойы ай сайын 500 сом зейнетақы тағайындауға шешім шығарады. Қажымұқанға №1253 зейнетақы кітапшасы тапсырылады. Қажымұқанның зейнетақысын 1946 жылдың 1 қазанынан бастап 500 сомнан 700 сомға көбейту туралы 1947 жылғы 13 қаңтарда №1 қосымша қаулы да қабылданады. Балалардың жәрдемақысын Қажымұқан қайтыс болған соң да ұлдары – Айдархан 1961 жылы 21 жасқа келгенше, Жанәбіл 1970 жылы институт бітіргенге дейін алып тұрған екен.

Құжаттарға негізделген бұл деректерге қарағанда Қажымұқан, оның отбасы ешқандай қаржылай да, материалдық та таршылық көрмеген. Қажымұқанның қасында болған, көзімен көрген адамдар Қажымұқанның еш нәрседен кемдік көрмегенін зерттеушілерге айтып кеткен. Қажекеңнің өз аузынан естіген өмірбаяны «Қажымұқан» деген көркем шығармаға айналдырған жазушы Қалмақан Әбдіқадыров, «Баһадүр палуан» деген естелік жазған ғалым Әуелбек Қоңыратбаев та палуан жұтамай өмір сүргенін баяндайды. Ә. Қоңыратбаев сол естелігінде:

«Сөйтіп отырғанымызда, бір жылқышы төрт қой, құлынды бес биені айдап әкелді. Палуан далаға шығып:

– Бұл кімнің малы? – деп сұрады.

– Мынау сойысыңыз, батыр, мыналарды сауып ішерсіздер, – деді әлгі жылқышы.

Байқай келсек, бұл «Ақтөбе» колхозының беріп жіберген малдары екен», – деп жа-зады.

Бұл бір ғана мысал. Мұндай естеліктер аз емес.

Қажекеңнің шөпшегі Меруерт Ескермес: «Әжесі Мінайдың Қажекең: «Елімде болса – менікі, менде болса – елімдікі! Дүние жинайтын болсам, ендігі алтыннан үй тұрғызар едім. Басқалар тоңып отырғанда, менің тойып отырғаным кімге керек?» деп үйіне келген малды ауылдағы жетім-жесірлер мен мүгедектерге таратып беретін», – деп айтып отыратынын жазды.

Қажекеңнің үйінен іздеп келетін адам үзілмеуі, 1945 жылдың күзінде өзі 75 жасқа толуына арнап бірнеше аудан халқын шақырып, облыстан басшылар қатысқан ұлан-асыр той жасалуы, 1946 жылы Бибіжанға үйленуі, одан 1948 жылы Жанәбіл кенже ұлын соңы ашқұрсақ адамның тірлігі емес, әрине. Сол 1945-1948 жылдары Қажекең елімізде өткізілген ірі шараларға, соның ішінде Абайдың 100 жылдығы тойына құрметті қонақ бо-лып шақырылып, оларға ризалықпен қатысқан, күрестерге төрешілік еткен.

Ғалым Мұратхан Тәнекеев «Палуанның алғашқы және ақырғы өтініші» мақаласында 1945 жылғы 26 маусымда Ә. Қазақбаевқа жазған хатында «палуан өзіне шақтылық күнкөріс қаражаты, яғни зейнетақы тағайындау үшін Үкімет көмегін сұраған» деп пайым-дайды.

Қ. Мұңайтпасұлының Ә. Қазақбаев пен Н. Оңдасыновтың атына тұрмысының нашар-лығы жөніндегі арыздануының себебі қазақтың «Батыр аңғал келеді» деген нақылына сүйенсек, ол кісіге кейбіреулер: «Сіз – әлемге әйгілі тұлғасыз. Сізге Үкімет барлық жағдайыңызды жасап беруге міндетті. «Күнімді көре алмай отырмын» деген пәшінде арызданыңыз», – деп қайрап салуының салдары да болуы мүмкін-ау деп топшылайды базбір зерттеушілер. Белгілі болып отырғанындай, палуанның бұл хаттарын бірнеше адам жазған, ал атамыз жазу жағына жоқ болған.

Қажекең «Ленин туы» колхозына көшіп келгеннен кейін Арыс аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мырзахан Шораев Темірлан ауруханасының бас дәрігері Ахмет Бектаевқа Қажекеңінің денсаулығын қадағалап жүруді тапсырады. Міне, осы дәрігер Қажекең қан қысымы көтерілу науқасынан өз үйінде 1948 жылы 12 тамызда қайтыс болғанын жазады.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Осылай құжаттар мен естеліктерге сүйеніп және соғыстан кейінгі жылдары оңтүстік өңірде ғана емес, күллі елімізде ашаршылық ахуал болмағанын, ал оңтүстік қашанда тоқшылық, халқы меймандос өлке екенін негізге алсақ, батырдың аңғал хаттарынан оның азаматтық болмысына, халқының құрметіне шәк келтіру арзан тірлік деп пайымдаймыз. Ұлт мақтанышы Қажекеңнің аруағын қорлау – халқымызды қорлау. Қажымұқан – елінің еркесі, халқының мақтанышы, абыройы, оның қадыр-қасиетіне күйе жүкпайды.

Бүгінгі мерейтойдың иесін білмейтін қазақ кемде-кем бо-лар. Жалпақ жұртқа таныс есім дегеніміз жөн болар.

Ол – қазақтан шыққан алғашқы фармацевтика ғылым-дарының докторы.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі.

Медицина академиясының академигі.

Атақ-марапатын тізе бер-сек, бір басына жетіп-артылар жетістіктері жетерлік.

Демек... Өзі де кесек, сөзі де кесек, атқарар ісі де кесек кім болды дерсіз.

Ол – Кеңес Үшпаев!

Және Кеңекең жөнінде өз кезегінде баспасөз беттерінде көптеген мағыналы мақалалар жарық көрді, әлі де жазылуда. Бұдан түйер ойымыз: айтулы тұл-ғаның өмір белестері мен алған асулары тек тәлім мен тағылымға тұнып тұрғандығы. Көпті көрген кең мінезділігін аралас-құралас болған жандардың дені біледі.

Біздер екі дәуірдің дәмін қатар татып, екі дәуірдің қызығы мен қуанышын, қиындығы мен азабын қатар көріп, өнеге мен тәрбиенің озығы мен тозығын да бір адамдай басынан өткерген, өткеріп келе жатқан буынның қатарынан боламыз.

Құдайға шүкір, ұрпақ сүйіп, ұл-қыз тәрбиелеп, шама-шарқымыз жеткенше ұлтқа, ұлттың бірлігі мен бүтіндігіне Кеңекең де, менің таудай азамат-тым, өмірлік қосағым, марқұм Кенжекең де бір кісідей қызмет еткен біртуар жандар.

Халық дейтін әділ сын-шы мұндайда «жақсының жақсылығын айт – нұры тасы-сын...» деп, азаматының жүріс-тұрысындағы, ел басқару ісіндегі өрісі кең өнегелі тұстарын тілге тиек етеді. «Халық айтса, қалп айтпайды» деген ежелгіден жет-кен есті сөз осындайда туған болуы тиіс.

Мен білетін Кеңес Үшпаев – ардақты азамат дейтін үлкен биікке еңбегімен, табандылығымен, абыройлы істерімен, сабырлы мінезімен, халықшыл қалыбымен көте-рілген, ел жүрегіне жол тапқан сондай жарқын жүзді аза-маттарымыздың бірі, бірегейі.

Кеңесті келіп жеткен 85 жа-сымен құттықтай отырып, тілек-сөзімді бұдан 35 жыл бұрын бастау алған таныстығымызбен өрбітсем деймін.

Нағызтай ӘБІТАЙҚЫЗЫ

Кеңес Үшпаевты отбасылық жолда-сымыз, балалар дәрігері, Қазақстандағы балалар хирургиясының негізін қалаған академик Камал Сәруұрұлы Ормантаевтың мерейтойының ақылдасу шайында бірінші рет көрдім. Сол «ақылдасу шай» дегенді ой-лап тапқан да осы Кеңестің өзі болатын.

Кенжекең келіп: «Камалдың жақында мерейтойы, соны өткізу жөнінде Кеңес деген жігіт ақыл шайға шақырды», – деді. «Ақыл шайға» бардық. Барғаным сол, бір қап-қара сұрықсыздау жігіт алдымнан шығып қарсы алды да: «Өй, қатын, мен сені білмеймін, бірақ, байынды жақсы көремін», – дегені... Мынадай «кедір-будыр» сөзді құлағым бұрын-сонды естімеген, оның үстіне басым-нан сөз асырмайтын мінезім тағы бар. Бірақ, әлгі жігіттің «бетің бар, жүзің бар» дейей, айтып салатын өткір мінезіне сүйсіндім бе, әлде тосыннан айтылған сөзден тосылдым ба, әйтеуір, «оны уақыт көрсетер» дегеннен артық уәж қайыра алмағаным есімде.

Міне, кірер-кірмес есіктің табал-дырығынан басталған біздің осы та-ныстығымыз – достыққа, одан – туыстан артық сыйластыққа жалғасы. Кейін талай отбасылық басқосуларда бір дастархан ба-сында қатар отырдық. Содан уақыт өте келе өзім білген, өзім көрген Кеңес туралы ай-татын күндерге де жеттім.

Мен Кеңесті білген сайын, оның реңі қара болса да, ішкі жан дүниесінің аппақ қардай кіршіксіз тазалығын, адамгершілігі мен азаматтығын қатар ұстанатын азамат екендігіне күн өткен сайын көзім жете түсті.

Қазақта «Тікен гүлін қорғайды, ара ба-лын қорғайды, жаман малын қорғайды, жақсы арын қорғайды» деген мақал бар. Иә, расында Кеңес арлы жігіт, табысты да жігіт. Бірақ, тапқанын астына басып жейтін қорқау емес, шашып жейтін, қолындағы барын жол-дастары мен туыстарына, жоқ-жітік, жетім-жесірлермен бөлісетін, тіпті, басына іс түскен кей жандардың жанынан дер кезінде табы-лып, қолдан келсе көмегін аямай беретін жомарттығына да талай куә болғаным бар. Алдына келгеннің бетін қайтарып, жүзін сын-дырмайтын бір сөзділігіне де қайран болған кездерім болды.

«Дүниеде жоғын іздемеген, жоғалтқанын сағынбаған жұмыр басты пендеден қатерлі де қауіпті адам жоқ» деген. Ал, Кеңес өз ата-сын іздеп, көше бергізіп, сонымен қатар ауы-лына жаңа мешіт салғызып, жаңа ұрпақты имандылыққа тәрбиелеуге мұрындық болу-мен қатар өзінің де, елдің де жоғын жоқтап жүрген зор құрметтің иесі. Адамдардың қам-қарекетін ойлайтын бұл парасаттылығын заманның қалпынан тыс қалмаған даналы-ғы деуге болады.

«Ер жігітті ер үстінде таны» дейді дана қазақ. Үшпаев қайда жүрсе де, елдік мінезі мен кісілік қалыбынан жаңылды дегенді естіген жоқпын.

...Кеңестің кейде болатын «тентектеу» мінезі де өзіне жарасып тұрады. Жұрт осы-нау ісін «теріс» деп түсінбейді, қайта көп сызылғаннан шаршап, сондай жарқын мінезін әр кез өзіміз де сағынып тұрамыз.

Қай бір жылдары марқұм Қоғабай Сәрсекеев қатты науқастанып, Америка-да емделді. Содан елге келгенде, біздер, бәріміз Қоғашты аэропорттан күтіп алуға

ТҰЛҒАТАНУ

ТҰЛҒА БИГІ / КЕҢЕС ҮШПАЕВ ТУРАЛЫ АЗ-КЕМ СЫР /



бардық. Оны ұшақтан қарсы алып, ар-найы нәселкемен алып келеміз. Бәріміз не айтып, не дерімізді білмейміз, қабағымыз түсіп, көзімізге жас үйірілген. Біздердің жабырқаған түрімізді көріп, Қоғашымыз қиналғандай болды... Сол кезде досы (екеуі үнемі қалжыңдасып ойнайтын) Кеңес: «Ей, Қоғабай, бұл не жатыс?! Бізге еркелеп жатырсың ба? Бәріміз саған арнайы кел-генде, шалжймай орныңнан тұрсайшы!» – дегені. Не күлерімізді, не жыларымызды білмей, бәріміз теріс айналдық, көзімізде көлкілдеген жас та әп-сәтте тиылды. Қоғаш құрдасының қалжыңын қабыл алғандай бойындағы бар күшін жинап езу тар-тып, күлімсіреп жатыр. Біздер де қуанып, жымимғандай болдық. Сол сәтте қысылып тұрған бәрімізді, Кеңес бір қара түнектен су-ырып ап шығарғандай болған еді. Кеңестің талай әңгімеге арқау болатын мұндай өткір де орнымен айтқан қалжың аралас «деген»-дері көп. Солардың бір-екеуін сөз арасында орайын тауып айта отырайын.

Жалпы, Кеңестің өзі арғындарға жиен боп келеді, шешесі арғынның қызы. Өзі «арғындардың бәріне жиемнін» деп қалжыңдап жүреді. Бірде бір үлкен кісі қайтыс болып, жаназаның басы-қасында Кенжекең (Кен-жеғали Сағадиев) ұйымдастыру жұмыс-тарын атқарып әрі басқарып жүрді. Қайтқан адам жасы келген кісі болған соң, «арты той ғой» дейтініміз бар емес пе. Дегенмен, өлімнің аты – өлім.

Бәріміз отырғанбыз. Кенет Кеңес тұрып: «Ей, арғындар!» деді дауысын көтеріңкіреп сөйлеп. «Мынау тағы бұл не бүлдіргелі тұр» деп абдырап қалдық. Ол болса: «Ей, арғындар, сендер, өздерің өлгеннен кейін, артымнан жақсы шығарып салсын десең-дер, Кенжекең тірі тұрғанда өліп алыңдар» дегені. Бұл сөзіне не дейміз? Ашуланамыз ба? Сөз астары мықты. Біразы күліп алды.

Оның осындай мінезі өзіне жарасымды әрі шындықты айтады. Дәл осы сөзді басқа біреу айтса, жұрт қабылдамас еді. Ал, Кеңес айтса, ешкім ренжімейді, себебі оның мінезін

жақсы білгендіктен болар. Ара-тұра өтетін басқосуларымызда ортамызда болмаса, «Кеңес қайда?» деп іздеп отыратынымыз да рас.

Айналайын Кеңес, өзіңмен ағайындас болып араласқаныма Құдайға рақмет ай-тамын. Адам ғұмырының ұзақ болуының бір көрсеткіші – жақсы адаммен жанасу. Мүмкін, мұнша өмір сүруіміздің себебінің бірі жақсы жандармен көңілді, қатар өмір сүргендігіміз болар.

Марқұм Кенжекең өзіңді жаны, жүрегі елге жақын, жаратылысынан қазақилығы басым қазақуар тұлға деп, туған бауы-рындай, өз інісіндей сыйлайтын, көзі тірі болғанда осынау торқалы тойында шешіліп те, көсіліп те сыр толғап, жүрекжарды тілегін ол басқаша жеткізер ме еді, кім білсін...

Осы бір тік тұрып, тік сөйлейтін, ойын да жасырмай тура айтатын, үлкенмен үлкендей, кішімен кішідей қарым-қатынаста жүріп, қызметіне де, ағайын-туыс, дос-жарандардың ортасында да абырой-қадіріне шаң қондырмай ғұмыр кешіп келе жатқан осы бір ардақты жанның бейнесі әркімнің көкірек-көзінде әрқилы, әралуан болып сақталуы ғажап емес. Ал, жаны жо-март, жүрегі мәрт, кесек бітімді тұлғаның Кісілік келбетін өз басым осылай елестете-мін.

Ер мінезді азамат қандай ортада, қандай қоғамда, тіпті қандай құрлықта жүрсе де, өз жолын тауып, еліне деген міндеті мен пары-зына көлеңке түсірмесі анық.

Ол – тәуелсіздік дәуірі тұсауын кесіп, тұғырға қондырған сондай ұлтжанды, кесек бітімді, тау мінезді тұлға.

Мен өзім көрген, өзім білетін Кеңес Үшпаев туралы айтып отырмын...

Еңдеше, Кеңес, ақылы мен ажары бір бойына үйлескен аяулы жарың – Гүлназың мен алтын асықтап перзенттерің бар, со-лардың қызығын қызықтап, Алланың бер-ген баянды өмірін бұдан кейінгі ғұмырыңда да мәнді, мағыналы қалпыңнан жаңылмай, жалғастыра беруіңе шын жүректен тілек-шімін!

МЕРЕЙТОЙҒА ЖЫР ШАШҮ

*Атойлап ат ойнатып, қиқулатқан,
Бабаң батыр Әлібай жауға шапқан.
Тектіден текті туар деген сөз бар,
Сен де шықтың суырылып қатарыңда.*

*Перзентсің ана сүтін ақтаған,
Азаматсың елдің мұңын жақтаған.
Қилы-қилы замандарда тайғанақ,
Достарыңды нәпсі үшін сатпаған.*

*Сен айбыңды Алатауда туыпсың,
Аланың да назарыңда болыпсың.
Қорған болып туыстарға-туғанға,
Ел-жұртыңның ақ батасын алыпсың.*

*Болмасаң да біздің елдің түлегі,
Біз дегенде қатты соқты жүрегің.
Кенжекеңнің тумаса да туғандай,
Адал досы, інісіндей болыпсың.*

*Жас кезіңде ағын судай тасыпсың,
Махаббаттың жалынына жаныпсың.
Адалдық пен антыңнан да аттамай,
Ләззаттың шоғына сен шарпылдың.*

*Партияның қаһарынан қымсынбай,
Хас батырдай атыңда да тұрыпсың.
Қадіріңді бағалаған Гүлназың,
Жас жүрегін жас жігітке сыйлаған.*

*Пәктік пенен адалдықтан таймаған,
Гүлназ жандай бар ма адал ғазиз жан.
Жақсылардың талайынан бата алған,
Өнегеңе үлкен-кіші таң қалған.*

*Кеңесжанды ақылыңмен аялап,
85-тің өркешіне мінгіздің.
Алдында тұр асулар,
90 менен 100 деген.
Аман болса, Гүлназжан,
Шөберені сүйгізіп,
Алып шығар оларды да
Арқасына мінгізі!
Аузыма салған тілекті
Алла қабыл етсе екен.
Әумин!*



Ғылыми қызмет қашанда жанкешті жұмыс. Жасаған азды-көпті ғұмырында ғылым-мен шұғылданып, оған жастар-ды баулумен шәкірт тәрбиелеп, баянды табыстарға кенелер азаматтар қатары некен-саяқ. Тағдыр сынағының өткелдерінде таңдаған жолынан таймай, сын сағаттарда шыңдалып, қызметі-не беріліп жан-тәнімен ақтарыла атқару кемел тұлғалардың ғана қолынан келеді. Сондай абыз жаннан тәлім-тәрбие алу бақы-ты бұйырып, үйреткен тағылым-дары өмірлік темірқазық болар, өнегелі өсиеттері еске оралып отыратын құрметті ұстазымыз, тамаша ғалым-энергетик – Тох-тибакиев Кармель Камилұлы 2025 жылдың 22 мамырын-да ұзаққа созылған науқастан қайтыс болды.

сында Қазақстан Республикасының энергетика саласы үшін 300-ден астам кәсіби мамандарды шығаруға үлесін қосты, 50-ге жуық магистрант және 5 докторант даярла-ды. Өз отбасының қуаныштары ұлы Равиль мен қызы Заринаны да жаны сүйетін, өзі қызмет жасап жүрген электр энергетикасы мамандықтарына баулыды.

Кафедрада сабақ берумен қатар Кар-мель ағамыз Қазақстанның энергетика сек-торы үшін аса маңызды жобаларды орындап, терең ғылыми-зерттеу қызметпен айналысу-ды жалғастырды. АЭЖБУ-дегі жетекшілік жасаған «Зияткерлік электр энергетикалық жүйелер» тақырыптық ғылыми-зерттеу зерт-ханасы оның бар өмірінің мағынасы, шығар-машылыққа бөлеген жобасы еді. Шынайы ғалым, үлкен жүректі ұстаз шәкірттерінің ұлтына, шыққан тегіне қарамастан өз біл-генін тынбай үйреткен шыдамдылығы мен тектілігі тамсандыратын.

Соңғы онжылдықтарды Кармель Камилұлы денсаулығының қалжырататын кесіліне қарамастан, «Электр энергетика-лық жүйелер» кафедрасында зерттеуші профессор және «Ғұмарбек Дәукеев атында-ғы Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ-да «Smart Power Grid» ғылыми-техникалық орталығының бас-шысы лауазымын қоса жүргізіп, сүйікті жұмысын жанкештілікпен атқарды.

Кармель Камилұлы өз ісіне берілген, жаңалыққа жаны құштар ғалым болды және еліміздің электр энергетикасы саласының нысандарына енгізілген бірқатар ғылыми және инновациялық шешімдерді әзірледі. Ғалымның кемелдігі, ізденіс нәтижесі, ғылыми-зерттеу қызметінің технологиялық және экономикалық әсері Қазақстанның БЭЖ электр энергетикалық жүйесінің сенімділігі мен экономикалық тиімділігін еселеп арттыру арқылы бағаланады. Ендеше жемісті қызметінде Кармель Камилұлы 70-тен астам ғылыми жобалардың авторы бол-ды, олардың ішіндегі аса маңыздыларына тоқталар болсақ:

• Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің іргелес мемлекеттерімен электр энерг-гиясының мемлекетаралық ауысымда-



рын бақылау мен есепке алудың авто-маттандырылған жүйесі (ЭКЕАЖ). Жоба 2009 жылы енгізілді және электр энерге-тикасы жүйелерінің параллель жұмысы ту-ралы шарт шеңберінде өткізілетін электр энергиясын есепке алудың 100-ден астам торабын қамтыды. ҚР ҚМ КБК ЭКЕАЖ жо-басы Еуразиялық экономикалық одақ пен ТМД-ға мүше мемлекеттерде танылды. Қазіргі уақытта ЭКЕАЖ деректерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының салық органдары да пайдаланады;

• «Аварияға қарсы автоматиканың ор-талықтандырылған жүйесін (ААОЖ)» құру-дың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу. 2020 жылдан бастап «KEGOC» АҚ енгізілді. Бұл жоба Қазақстанның бірың-ғай энергетикалық жүйесін аварияға қарсы басқарудың сенімділігін бірнеше есе арт-тыруға жол ашты;

• «Жілік пен қуат ауысымдарын реттеудің автоматты жүйесін (ЖҚАР)» құрудың техникалық-экономикалық негіз-демесін әзірлеу. 2020 жылдан бастап «KEGOC» АҚ енгізілді. Бұл жоба алғаш рет отандық электр станцияларын нақты уақыт тәртіптемесінде қуат пен жілік ауысымдар-ын реттеуге қосуға мүмкіндік берді;

• WAMS синхрофазорлық өлшеу негі-зінде алгоритмдерді әзірлеу және WACS автоматикасын құру бойынша техникалық-экономикалық зерттеулер. 2021 жыл-дан бастап «KEGOC» АҚ енгізілді. Бұл жоба «Солтүстік-Оңтүстік» транзитінің өткізу қабілетін 12%-ға немесе 250 МВт-қа арттыруға мүмкіндік берді, бұл тұтынушыларды Қазақстанның БЭЖ оңтүстік аймағының тұтынушыларын, әсіресе күзі-ғысқы кезеңде электр қуатпен қамтамасыз етудегі маңызды жетістік болып табылады.

Аталған жобалар Қазақстанның

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік даму бағдарламасына енгізілген. Сондай-ақ, Кармель Камилұлы Қазақстан БЭЖ мен Орталық Азия БЭЖ-нің 2030 жылға дейінгі бірлескен даму тұжырымдамасын әзірлеудің авторы бол-ды. Бұл зерттеу Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан тәуелсіздік алғаннан кейін алғаш рет орындалды.



Кармель ағамыз ғылыми қызметінде Қазақстанның өңірлік электр желілік ком-панияларын (ӨЭК) назардан тыс қалдыр-ған жоқ. Оның электр қуатының жоғалтуын төмендету бойынша жобалары әзірленіп, сәтті енгізілді. Олардың ішінде:

• «Атырау-Жарық» АҚ қалалық электр тарату желілеріндегі реактив қуаттың өтем-делуі;

• «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ электр желілеріндегі реактив қуаттың өтемделуін икемді реттеу.

Табиғи монополиялар саласында көптеген жылдар бойы Кармель Камил-ұлының электр қуатын жоғалтудың нор-мативтік деңгейін бағалау бойынша сарап-шы ретінде қызмет етті. Жұмыс барысында келесі компанияларға техникалық сарапта-ма жүргізілді:

• «KEGOC» АҚ;

• «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ;

• «Атырау-Жарық» АҚ;

• «Батыс Қазақстан АЭЖК» АҚ;

• «Ақмола ЭҰК» АҚ;

• «ҚазТрансОйл» АҚ;

• «Көкшетау Энерго» АҚ;

• «Маңғыстау ӨЭК» АҚ;

• «Жамбыл электр желілері» ЖШС;

• «Қаныш Сәтбаев атындағы канал» РМК;

• «Костанайский Энерго Центр» ЖШС;

• «Қазақстан Темір Жолы ҰК» АҚ.

Ғылым және жоғары білім министрлігі-нің тапсырысы бойынша ғылыми жобалар-ды орындау бөлігіндегі аяқталған маңызды жобалары:

• Белсенді-бейімдеу желісін құру база-сында Қазақстанның ҰЭЖ электр желілері-нің өткізу қабілетін және басқарылуын арт-тыру. «KEGOC» АҚ-ға енгізу;

• ЖЭҚ бар автономды жүйелерді қамтитын мұнай-газ кешендерінің электр желілерінің тәртіптік сенімділігін бақылау мен болжаудың зияткерлік жүйесі. «Маң-ғыстауэнергомұнай» АҚ-ға енгізу.

XXI ғасырдың басында, елдің электр энергетикасы саласын қайта форматтау қажеттілігі туындаған кезде, Қазақстан Республикасының электр энергетикасын-дағы нарықтық қатынастарды одан әрі да-мыту тұжырымдамасын әзірлеуге қатысты.

Университетіміздің ректоры, т.ғ.к., про-фессор Ғұмарбек Жүсіпбекұлы Дәукеевтің жетекшілігімен және т.ғ.к., профессор Ал-мас Аусыдықұлы Жакуповпен бірлесіп тиімді тарифтік саясатты қалыптастыру жөніндегі ғылыми-зерттеу жобаларына қатысты.

Ғылыми жобаларды орындау кезінде Кармель Камилұлы әрқашан өз жұмысы үшін жауапкершілікті алып, жобаның ғылыми жетекшісі немесе бас инженері ретінде қызмет етті. Ол әрдайым түпкі мақсаттарға қол жеткізуде және күрделі жо-баларда тапсырмаларды орындауда кәсі-би және асқан тәзіммен, сондай-ақ жастар мен және университет қызметкерлерімен бір командада жұмыс істеу, жоғары білік-тілігі, дарынымен ерекшеленді.

Күрделі жағдайларда ерекше шешім-дерді табу қабілеті үшін ірі электр желілік компаниялардың («KEGOC» АҚ, «Атырау-Жарық» АҚ, «Алатау Жарық Компания-сы» АҚ және т.б.) басшылары Кармель Камилұлын әрдайым құрметтеді және бағалады, кәсіби пікірлерімен санасып, алғыстар жолдаумен болды.

Жемісті қызмет жылдарында Кармель Камилұлы атқарған жұмыстары үшін еңбегіне лайық марапаттар алды. Маңыз-ды салалық марапаттардың қатарында: «Қазақстанның еңбек сіңірген энергетигі» және «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін ТМД Электр энергетика-лық кеңесінің құрметті энергетигі» атақтары, сондай-ақ елдің энергетикалық жүйесінің игілігі үшін көп жылғы жұмысы үшін «Еңбек ардагері» медалі бар.

Бүгінде Қазақстанның энергетика сала-сындағы жемісті жұмыс жасап жүрген жүздеген мамандар, магистранттар мен докторанттары Кармель Камилұлын нағыз ұстазы және өз ісінің кәсіпқой маманы ретінде тәрбиелеген еңбегін ризашылықпен еске алады.

Ол әрқашан достықты бағалады, туыс-тары мен жақындарын қолдады. Ұстазы-мыздың отбасына, туыс, жора-жолдастары-на шын жүректен көңіл айтамыз. Әрқашан ағамыздың адамшылығын, ғылымға адал-дығын үлгі тұтамыз, оның ақкөңіл бейнесі мәңгілік жадымызда сақталады.

Қазақстан Республикасының энергетика кешенін дамытуға бар күш-жігерін, өмірін сарп еткен көрнекті ғалым, сұңғыла ұстаз, ел-жанды азамат Тохтыбакиев Кармель Камил-ұлының асыл мұрасы бүгінгі және келешек ұрпақтың да терең құрметіне әбден лайық.

Ізгі құрметпен және ризашылықпен, шәкірттері:

Джексенбинов Д.Ж. – «Кристалл Менеджмент» АҚ электр қуатын сату жөніндегі менеджері;

Саухимов А.А. – PhD, «KEGOC» АҚ ҰЭЖ дамыту жөніндегі басқарушы директоры;

Бектимиров А.Т. – «АЭЖБУ» КеАҚ PhD, аға оқытушысы;

Голубина А.Ю. – «СМНУ-70» АҚ инженер-экономисі (РФ).

ЕСТЕЛІКТІҢ ТОЛЫҚ НУСҚАСЫН ГАЗЕТТІҢ САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Ұлтмыздың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халықтың мүддесі мен мұқтажын жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», – деген.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидааттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Сол ұлттық құндылықтарымыздың арқасында біз өзіміздің ұлттық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз. Сондықтан да, «кеше-ден бүгінге сол құндылықтарымыз қалай жетті, ертеңгі күнге жеткізе аламыз ба?» деп алаңдауымыз керек.

Абай: «Адамды заман билемек, заманға жаман күйлемек», – дейді. Бұл әлемдік даму жолын түсінуге мүмкіндік береді. Біз үшін жасанды, виртуалды, әлемде жоғалып кет-пеу, жаһандану заманында өзіміздің ұлт-тық болмысымызды, ұлттық бірегейлігімізді және рухани ерекшелігімізді сақтап қалу аса маңызға ие. XXI ғасырда рухы биік, әлем мәдениетімен бәсекеге түсе алатындай бел-лес түр. Бұл ең маңызды мәселелердің бірі.

Біз үшін еліміздің өркендеуі, ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықта-рымызды сақтау – қымбат қазына. Әрине, халқымыздың ұлттық құндылықтары өте көп. Оларды іріктеп, бес бағытта қарау заман талабы секілді.

Бірінші құндылық – тәуелсіздік және тарихи таным деп атаған жөн. Тәуелсіздіктің арқасында Қазақстан халқын әлем таны-ды және мойындады. Тәуелсіздік симво-лы – мемлекеттік Туымыз, Әнұранымыз, Елтаңбамыз. Ту – ұлттың бірігуіне ықпал етеді. Ұлттық сананың биіктігін көрсетеді. Тәуелсіздік – еркіндік пен азаттықты ғана алып келмей, сонымен қатар, ұлтымыздың санасын өзгертіп, сапасын жақсартты, өзін танытты. Тарихи танымның ар жағында тек өткен жылдар мен көнерген ғасырлар сыры тұрған жоқ. Ұлттық болмысы, санасы, дәс-түрі мен салты, кәсібі, ұстанымы, тәрбиесі

бірде әлсіреп, бірде жетіліп ғасырлармен бірге жасасып келеді. Тарих – тәрбиеші, ұлт-тың бағдары, жол сілтеушісі. Тарихы бекем жасалған халық дұрыс бағыт алады. Біре-гей көптомдық мемлекеттік тарихымызды өзіміз жазбай ұлттық құндылықтарымызды орнықтыра алмаймыз.

Екінші құндылық – ел мен жер деп білемін. Қазақта: «Егесіз ел азар, иесіз жер тозар» деген мақал бар. Ұлан ғайыр дала-ны бабаларымыз көзінің қарашығындай сақтады. Қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен қорғады. Қазақтың жері – қасиетті. Ол бүгінгі жаһандық тайталас кезіндегі ұлттық бірегейліктің символы болып қала береді.

Үшінші құндылық – тіл, әдебиет және руханият. Тіл мен әдебиет – ұлттың жаны мен жады, оның бет-бейнесі, өткені, бүгіні мен болашағы. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деп тілдің құлшына қандай маңызы бар еке-нін бір ғана ауыз сөзге сыйдырған еді.

Имандылық бар жерде – тәртіп те, бейбітшілік те, адами құндылықтар да сақ-талады. Сонда ғана ұлттық құндылығы-мызды жаңғырта аламыз, дамыта аламыз. Ұлы Абай бабамыз өзінің 38-қара сөзінде «Толық адам» концепциясын ұсынған. Алла жолымен жүрген, білімді адам ғана толық адам деп есептеледі деген. Бұл – дүниенің тіршілігін ұмытып, сәждеге бас қою ғана емес. Бұл – білім, ғылымды дамытып, елге адал қызмет ету, әділдіктің ақ жолынан таймау, кісі ақысын жемеу деген сөз.

Төртінші құндылық – ұлттық дәстүр және отбасы. Ұлттық болмыс, оны дәріп-теу отбасынан, ошақ қасынан бастала-ды. Отбасы – тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелесек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Расында,

Айболат СЕРІҚҰЛЫ,
«Балдәурен» РОСО қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті QS World University Rankings 2026 рейтингінде Қазақстанның үздік ТОП-5 және үш негізгі көрсеткіш бойынша әлемнің 500 жетекші университеті қатарына еніп отыр. Жаһандық жалпы көрсеткіште өзінің ТОП-700-дегі позициясын сақтап қалған оқу орда-мыз халықаралық академиялық аренадағы абырой-беделінің нығайып келе жатқан көрсетеді.

KAZNARU – ӘЛЕМНІҢ 500 ЖЕТЕКШІ УНИВЕРСИТЕТІ ҚАТАРЫНДА

Биылғы жылы аса жоғары бәсекелестік жағдайында өткен рейтингте 106 елден 8 467 ЖОО бақ сынады. Оның тек 1 501 қорытынды тізімге енгізілді – KazNARU өзі жинаған интегралдық балл бойынша 18,8-ден 25,1-ге дейін көтерілді.

QS-2026 рейтингіндегі KazNARU негізгі жетістіктері:

- Оқытушылар мен студенттердің арақатынасы бойынша әлемдегі үздік ТОП-500 университеттің ішінде – 91-ші орын. Білім беру сапасын арттыра отырып, әр студентті жеке қолдаудың жоғары деңгейін 13 позицияға жақсартты.
- KazNARU өз студенттерінің халықаралық құрамы бойынша 499-шы орынды иеленіп, 10 позицияға көтерілді. Бұл университеттің Орталық Азия бойынша шетелдік студенттер үшін тартымды академиялық орталық болып қала беретінін және өзінің жаһандық бағдарланған жоғары оқу орны мәртебесін нығайтып келе жатқанын дәлелдейді.
- QS рейтингіндегі KazNARU жұмыс берушілер арасында 499 орыннан көрініп, бағасы 18 позицияға өсті. Бұл көрсеткіш салалық әріптестермен тығыз өзара іс-қимылдың жүйелі жүргізілетінін және қазіргі заманғы аграрлық экономиканың сын-тегеуріндеріне университет түлектерінің әрқашан дамын екендігін көрсетеді.

Қосымша: шетелдік студенттердің сапалық индексі бойынша 550-ші орынды иеленуі – бұл жаһандық ашықтық пен рухани ортаның әлемдік стандарттарға сай дамығанын дәлелдейді.

KazNARU баспасөз қызметі.

ОТАНДЫҚ ӨНЕРПАЗ «ЛА СКАЛА» ТЕАТРЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДАМАСЫНА ҚАБЫЛДАНДЫ

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

Бейнежазба арқылы өткен алдын ала іріктеуге 400-ден астам үміткер қатысқан. Олардың ішінен 12 үздік орындаушы таңдалып алынды. Солардың қатарында Қазақстанның атынан қатысқан Әйгерім Алтынбек те бар.

Опера әншісі Әйгерім Алтынбек – көптеген халықаралық вокалдық байқаулардың лауреаты. Ол танымал композитор Джакомо Пуччинидің 100 жылдығына орай ұйымдастырылған халықаралық опера әншілері байқауында жеңімпаз атанды.

Сонымен қатар, Италияның Модена қаласында өткен Николай Гяуров атындағы опера әншілерінің халықаралық байқауында

үшінші орынды иеленді. Қазақстандық әнші атақты италиялық опера әншісі Мирелла Френидің арнайы сыйлығын алды. Әлемнің 470 қатысушысы қатысқан Рената Тебальди атындағы халықаралық вокал конкурсында өнерпаз екінші орынға ие болды.

25 маусымда әлемге әйгілі Хосе Каррерастың концерті өтеді. Осы кеште Әйгерім Алтынбек те бой көрсетеді. Концертте әлемдік опера ариялар шырқалып, танымал дуэттер өнер көрсетеді.

27-28 маусымында Италияның Неаполь қаласында Андреа Бочеллидің мерейтойлық концертіне қатысып, аты аңызға айналған тенормен бір сахнада ән шырқайды.

Бұл жетістік – оның білімге деген ұмтылысы мен кәсіби шеберлігінің жемісі. Сонымен қатар, мемлекеттің жас таланттарды қолдауға бағытталған ауқымды жұмысының нәтижесі.



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОПЕРА
ӘНШІСІ ӘЙГЕРІМ АЛТЫНБЕК
ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ БЕДЕЛДІ ОПЕРА ӨНЕРІ
ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БІРІ –
«ЛА СКАЛА» ТЕАТРЫ АКАДЕМИЯ-
СЫНДА ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТЕДІ.
БҮЛ ТУРАЛЫ ҚР МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ
ХАБАРЛАДЫ.

ОКСФОРД УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТЫЛА БАСТАДЫ

Ұлыбританияның Оксфорд университетінде арнайы бағдарлама негізінде қазақ тілі ресми түрде оқытыла бастады. «Oxford Birsöz Initiative» жобасы аясында Ләйлә Сұлтанқызы үш ай бойы шетелдік студенттермен тікелей жұмыс істейді. «Jibek Joly» телеарнасының «Бүгін LIVE» бағдарламасына қонақ болған тележүргізуші өзінің бұл ұсынысты қалай алғанын айтып берді.

– Бұл мен үшін де үлкен тосынсыз болды. Азия және Таяу Шығыс зерттеулер

факультетінің профессоры Лейла ханым хабарласқанда қатты қуандым. Ол кісі: «Қазақ тілінің аясы кеңейіп, жастардың арасында қазақ тіліне деген қызығушылық артып отыр. Біз «Болашақ» бағдарламасымен барған студенттермен көптеген зерттеулер жасадық. Соларды көпшілікке таныстыруды және қазақша сөйлегісі келетін жастарға орта құруды жоспарлап отырмыз», – деп ұсыныс айтты. Әрине, мен бұл ұсынысты бірден қабылдадым, – дейді студия қонағы.

Тіл маманы қазақ тілін үйренуге ниетті жастардың басын қосып, «Spiking Club» ашу-

ды жоспарлап отырғанын жеткізді.

– Алғашқы мақсатым – «Spiking Club» ашу. Бұл тек қазақ жастары үшін емес, қазақ тіліне қызығатын басқа ел жастарын да біріктіретін алаң болады. Ол жақта «Болашақ» бағдарламасымен оқып жатқан, докторлық диссертациясын қорғап жүрген қазақ жастары бар. Ұстаздар арасында өзбек, азербайжан тілдеріне қызығушылық байқалады. Ал, түрік тілі ол жақта бұрыннан оқытылады. Сондықтан, егер қазақ тіліне де қызығушылық туып, ұсыныстар түсіп жатса, неге бұл бағытта жұмыс істемесек?! – дейді Ләйлә Сұлтанқызы.

ЕЛІМІЗДЕ «ӘДІЛ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



2025 жылдың 24 маусымында «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығының қолдауымен «Әділ қоғам» жобасы іске қосылып, көпшілікке таныстырылды.

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында өткен іс-шараға Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағали, Парламент депутаттары, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары, мемлекет

және қоғам қайраткерлері, елдің ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдері қатысты.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева өз сөзінде «Әділ қоғам» жобасының адалдық пен әділеттілік жолындағы нақты қадамдардың бірі екенін атап өтті.

«Кеше ғана Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа отырысында елге және заңға қызмет етуге бел буған әрбір азамат адамгершілік пен әділдік құндылықтарын басшылыққа алатынын айтып, мұндай қасиеттер ең алдымен тәрбие арқылы берілетінін атап өткен болатын. Сондықтан, біз әр азаматтың бойына адалдықты дарыту, жастарды парасат пен ізгілікке баулу жолында бірлесе жұмыс істеуге тиіспіз. Тек осылай ғана біз тұрақты, сенімді, адамгершілікке негізделген қоғамды бірге қалыптастыра аламыз», – деді Аида Ғалымқызы.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағали қазақ халқының ұлттық дәстүрлері ежелден ақ әділдік, адалдық және парасаттылық құндылықтарын қалыптастырғанын атап өтті.

Іс-шара аясында қатысушыларға халық даналығы мен адалдық үлгісін көрсететін «Ізгілік дәстүрі» атты бейнероликтер, оқушылардың тақырып аясында салған суреттері көрсетіліп, «Ұлы дала әдебі» көрмесі таныстырылды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі.

МАҚАЛАНЫҢ
ТОЛЫҚ
НҮСҚАСЫН
ГАЗЕТТІҢ
САЙТЫНАН
ОҚЫҢЫЗ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!
Енді «Qazaq» газетіне жазылу үшін бұрынғыдай кезектен көз ашпайтын «Қаз-пошта» бөлімшесіне барып, уақыт жоғалтпайсыз. Сіз ол үшін газеттің Kaspi Gold [4400 4302 2639 4614] картасына қажетті ақшаны [6 айға – 3 500 теңге] аударсаңыз, аударған қаржыны растайтын түбіртек көшірмесін және аты-жөніңізді, ЖСН нөміріңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды редакцияның WhatsApp [+7 777 797 77 88] нөміріне жіберсеңіз жеткілікті. Содан кейін редакция қызметкері «Қазпошта» бөлімшесіне барып, аударған ақшаңызға Сізді газетке жаздыртады.

«QAZAQ»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ
БОЙЫ ТОҚТАМАЙДЫ



ИНДЕКС 64048

ИНДЕКСІ – 64048

1913
QAZAQ

• МЕНШІК ИЕСІ
«МИРАС ИНФО» ЖШС

• ҚҰРЫЛТАЙШЫ
МАХМУТ НӘЛІБАЕВ

• БАС ДИРЕКТОР
ҚАЛИ ҚАМБАРОВ

• БАС РЕДАКТОР
ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ

2011 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ «АЛТЫН ЖҮЛДЫЗ» СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ



• БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ
+7 (701) 505 48 48
+7 (777) 797 77 88

qazaq1913gazeti@gmail.com

• РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, A25D6G7,
ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ,
№128, «ТЕРЕҢҚҰР» ТК, 5-ҚАБАТ,
128-КЕҢСЕ

• АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ
НАҒЫТАЙ ӘБІТАЙҚЫЗЫ
КЕҢЕС ҰШПАЕВ
ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА
СӘБИТ БАЙЗАҚОВ
САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ
КИМ ІЗТІЛЕУОВ
КӨБЕЙСІН АЛТЫНБЕКОВ

• КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР
ФАРАБИ СӘЙКЕНОВ

• Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы №17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді (Алғашқы есепке қою № 6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды).

• Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының ұйытқы болуымен жарық көрді, 2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен №267 санынан қайта шықты.

• Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады.

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына/ тіліне жауап бермейді.

• Газет әр аптаның сейсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым арқылы және Алматыда «Сайран» автобекетінде, «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде, Алматы метрополитенінің 9 бекетінде тегін таратылады және «Караван», «Kok tengri» дүңгіршектерінде сатылады. Бағасы «Караван» дүңгіршектерінде 65 теңге.

А жариялану ақысы төленген мақалалар.

• ГАЗЕТ
«АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ» АҚ,
«ӨМІР-НҰР» ЖШС
БАСПАХАНАЛАРЫНДА БАСЫЛДЫ

Алматы қ., Мұқанов к-сі, №223В,
тел.: +7 (727) 378-40-08

• Таралымы 6 200 ДАНА
• Тапсырыс №1 389 /38



«КҮН ҰЛДАРЫ» ҚОНАҚ ҮЙІ

Son of Heaven Hotel (Күн ұлдары) – Хэбэй провинциясының Ланфан қаласында орналасқан ерекше қонақ үйі. 2001 жылы қонақтарға есігін айқара ашқан қонақ үйдің биіктігі – 41 метр, 10 қабаттан тұрады. Мүсін ретінде салынған әлемдегі ең үлкен ғимарат ретінде Гиннесс рекордтар кітабына енген. Сәулеті ерекше ғимарат аспан асты елінде сәттілік құдайлары саналатын Фу, Лу және Шоудың кейіпінде салынған. Ортадағы қызыл киімдегі Фу – бақыт пен сәттілік, оң жақтағы жасыл киімдегі Лу – байлық пен өркендеу, ал Шоу – денсаулық пен ұзақ ғұмыр құдайы. Қытай халқының түсінігінде шабдалы ағашы жаңаруды білдіреді. Ал, Шоудың қолындағы бұл шабдалыда қонақ үйдің люкс бөлмелері орналасқан.

ҚАЗАҚША КӘСІБИ БАҒДАР БЕРЕТІН ОЙЫН

Мағжан Жұмабаевтың 132 жылдығына орай ақынның туған жері Солтүстік Қазақстан облысында «КәсібиGO: ойна да таңда» жобасы таныстырылды. Бұл – жасөспірімдерге арналған кәсіби бағдар беретін үстел ойыны.

Жобаның авторы – Әлия Қарақожаева, кәсіби бағдар беру саласы бойынша халықаралық деңгейдегі коуч, PhD кандидаты. Ол 2024 жылы «Тәуелсіздік ұрпақтары» республикалық грантын жеңіп, өз идеясын жүзеге асырды.

Ойын 5-10 оқушыдан тұратын топта, 2 сағаттық сессия түрінде өтеді. Ойынға қатысушылар өздерінің жеке тұлғалық ерекшелігін анықтайды, сұранысқа ие дағдылармен танысады және болашақ мамандығын таңдай алады. Бұл ойын Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Алматы облыстарының мектептерінде тегін қолжетімді болады. Жобаның авторы бұл ойынды қолданатын аймақтардың санын көбейткісі келеді. Себебі, жастардың таңдау жасауына ойынның әсері мол.

«Мамандық таңдау – жасөспірім өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі. Алайда, зерттеулерге сүйенсек, қазақстандықтардың 60%-ы мамандығы бойынша жұмыс істемейді, ал оқушылардың 87%-ы мамандықты ата-ана мен мұғалім ықпалымен таңдайды. Бұл жағдайда кәсіби бағдарлаудың жаңа құралдарын жасау қажет. Біз Қазақстандағы әр жасөспірімнің өз жолын тауып, өз таңдауына саналы түрде қадам жасағанын қалаймыз», – деп атап өтті Әлия Қарақожаева.



ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама, естелік, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, хабарласыңыз:
+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88